



6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

«Астана ғажап қала!
Дамуымыздың басында
әрдайым Астана тұрады. Біз
– ғасырлар тоғысында жаңа
мегаполис салған бірден-
бір мемлекетпіз. Астананың
тарихы – бұл Тәуелсіз
Қазақстанның тарихы»

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті



АҚЖОЛТАЙ

БІЗ 18 МИЛЛИОНБЫЗ!



Осыдан бір ғасыр бұрын ұлттың ұлы
ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ 6
миллионбыз!» – деген екен. Араға жүз жыл
салып қазақ жеріндегі халықтың саны 18
миллионға жетті. 18 миллионшы тұрғын –
Талдықорған қаласында өмірге келген. Мұслима
Саматқызы ел демографиясын жаңа белеске
көтерген несібелі сәби. Қазақ артынан көп бала
ерген немесе бірнеше қыздан кейін ұл туылса,
сол ұлдың алдындағы қызды «майкөтен» немесе
«майтабан» дейді. Мұслима да халық санын су
жаңа миллионға жеткізген «майтабан» періште.

(Толығырақ 2-бетте)

ТҮЙТКІЛ

БАҒАСЫНА «ОҚ ЖЕТПЕС»

Дәл қазір орман ішінде шатыр тігіп, табиғат аясында демалғанды қолайлы
көретіндер көп. Әсіресе, Ресейден келген туристер. Апталап жататын алыстан
келген ағайын бүлдіргенін теріп, жидегін қайнатып, саңырауқұлағын тұздап
қысқа дайындалуда. «Сервисі құрысын, бізге осынысы дұрыс» – дейді. Дұрысы
дұрыс-ау. Бірақ олардың артында қалған ас қалдығы, шағылған бөтелке,
қаусаған консерві, шашылған қоқыс курортты аймақтың ажарын бұзуда.



(Жалғасы 3-бетте)

БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent) 48,22



RUB 5,47


DOLLAR 324.8

EURO 368

COM 4.68

АЛТЫН (ун.) 1224,60

ТАҒЫМ



Мыңыл
түсініне
қузыға
қарадым

Тірі Баукенді алғаш рет көруім. Атағы аспандап тұрған
қаһарман ағаны ойда-жоқта ұшыратқаным маған оңай тимеді.
Қалайда біртүрлі сасыңқырап қалдым да, редакторға қарап баяу
сөйлеп отырған Баукенге ақырын жақындай бастадым. Бір сәт ол
маған жалт қарады – түйіліңкі қабақ астынан қыран көзі жалт етті.

(Толығырақ 9-бетте)

4

ТАБИҒАТТЫҢ
ҚУАТЫН
ТАҢДАҒАН ЕЛ

БЕРЕКЕМІЗ
БІРЛІКТЕ

5

ҒЫЛЫМ
КӨКЖИЕГІНДЕ
ЖАНҒАН
СӘУЛЕ

6

ДАЛАНЫҢ
БЕКЗАТ
ӨНЕРІ

12

on the web
JASQAZAQ.KZ

БИЛІК



Еліміздің дүниежүзіндегі бейбітшілік пен ынтымақтастыққа қосатын үлесі жылдан-жылға артып келе жатыр. Бұл туралы мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев елімізде тіркелген дипломатиялық миссия және халықаралық ұйым өкілдігінің басшыларымен кездескенде мәлім етті. Елбасы биыл еліміздің сыртқы саясат саласы үшін мерейлі меже болып саналатынын, осыдан 25 жыл бұрын еліміздің дипломатиялық қызметін құру туралы Жарлыққа қол қойылғанын атап өтті.

біздің мемлекеттің дүниежүзіндегі бейбітшілік пен ынтымақтастыққа қосатын үлесі жылдан-жылға артып келе жатқанын, бұл өте үлкен еңбектің арқасы екенін айтты. Соның ішінде біздің дипломаттардың да жасаған жұмысы орасан үлкен екенін еске салды. Сондай-ақ мемлекет басшысының айтуынша, интеграциялық ұйымдардың арасында ынтымақтастық байланысын орнатудың арқасында экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуге болады. Мәселен, Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытайдың бір белдеу бастамасы бір-бірін толықтыра алады. Соның арқасында тұтас бір аймақтың жаңа мүмкіндігін ашуға болады. Орталық Азия да одан тыс қалмайды. Бүгінде Еуразиялық экономикалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Еуропалық одақ арасында сауда-экономикалық байланысты

Орта және Таяу Шығыспен достық байланыстың артатынын атап өтті. Латын Америкасы, Кариб бассейні, Африка құрлығы өңіріндегі серіктестермен де қарым-қатынас дамитынын айтты. Мемлекет басшысы кездесу барысында Ресей мен Украинаның басшыларын ымыраға келуге үндеді. Н.Назарбаев «Біз екі жақты диалогты, келіссөзді тездетіп бастауға шақырамыз. Себебі кез келген шиеленіс, тіпті дүниежүзілік соғыс келіссөздер алаңында аяқталады. Қазақстан бұған бар күш-жігерін салып, көмектесуге даяр. Мен өзім алдағы G-20 саммитінде Ресей мен АҚШ президенттері кездесіп, ортақ қауіп-қатерге күш жұмылдырады деп сенемін. Өйткені дәл сол Украина мен Ресей арасындағы шиеленіс шешілсе, Батыс пен Ресей,

БІТІМГЕРЛІК МИССИЯ

Қазақстан Президенті тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміздің басқа мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі тәжірибесінің де, дипломатиялық қызметіміздің де болмағанын сөз етті. Сондай-ақ дипломатиялық кадр тапшылығы да сезілді. Оның үстіне бұл мәселе еліміздегі күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдаймен тұспа-тұс келген. Соған қарамастан қысқа уақыт ішінде дипломатиялық корпус құрылып, елшілерімізді шетелдерге жіберуге мүмкіндік жасалды. Мемлекет басшысы ширек ғасырдан кейін еліміздің сыртқы саясаты толық қалыптасқанын айтты. Сонымен қатар Қазақстан Президенті егемендігіміздің алғашқы жылдарында елімізде аумақтық тұтастығымыз бен ұлттық тәуелсіздігімізді сақтап, қауіпсіздігіміздің берік кепілін қалыптастыра алғанымызды атап өтті. Қазіргі уақытта Астана халықаралық ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы болып саналады. Әлемдегі стратегиялық тұрақтылық пен әділеттілікті қамтамасыз ету ісіне зор үлес қосып келеді. Бұдан бөлек, мемлекет басшысы еліміздің өңірлік экономикалық интеграция мен кооперация аясында түрлі жобаның бастамашысы болып саналатынын айтты. Жалпы, елімізде жүргізіліп жатқан көпвекторлы сыртқы саясат пен еліміздің халықаралық бастамалары әлемде кең қолдауға және танымалдылыққа ие. Елбасы

нығайту қажет. Ал аталған үш интеграциялық ұйымның ынтымақтастығын дамытуға қажетті барлық жағдай бар. Мемлекет басшысы дәл осы ынтымақтастықтың болашағы зор деп отыр. Елбасы жаңа ынтымақтастықты «Еуразияның сәті» деп атады. Ал орталық Еуразия сол ынтымақтастықтың қозғаушы күші болуы қажет. Қазіргі кезде аталған ұйымға 26 мемлекет кіреді. Сондай-ақ Елбасы алқалы жиында еліміздің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын атады. Тәуелсіздік жылдары ішінде еліміз 182 мемлекетпен достық әрі сындарлы қарым-қатынас орнатты. Ширек ғасырдың ішінде шетелдерде 57 елшілік пен 31 дипломатиялық мекеме ашылды. Ал елімізде 95 шетелдің елшілігі мен халықаралық ұйымның өкілдігі жұмыс істеуде. Елбасы алдымен Ресей және Қытаймен стратегиялық ынтымақтастық жайында тоқталып, Орталық Азия елдері дамуың жаңа кезеңіне аяқ басқандығын еске салып өтті. Мемлекет басшысының АҚШ-пен серіктестік бағыты жалғасып, еліміздің ең ірі сауда-экономикалық серіктесі саналатын Еуропалық одақпен жан-жақты қарым-қатынасты дамыту ілгерілетіле түсетіндігін баса айтты. Елбасы Қазақстан посткөрсетіктері меністіктегі елдермен, Түркиямен ынтымақтастықты жалғастырып,

сондай-ақ басқа да ірі державалар арасындағы әріптестікті орнатуға болады. Онсыз жаһандық экономиканы ғана емес, жаһандық саясатты да реттеу мүмкін емес. Бұны бәріміз жақсы түсінеміз», — делі. Бүгінде әлем қауымдастығы державалар арасындағы текетірестен әбден шаршады. Ал нағыз держава бейбітшілік пен тыныштыққа үлес қосатын мемлекет болуы тиіс. Себебі бейбітшілікті байлықпен өлшеуге келмейді. Ал ядролық державалар арасындағы шиеленіс ушығып кетсе, барлық мемлекет зардап шегеді. Елбасы бітімгерлік миссия біздің сыртқы саясатымыздың басты бағыты болып қала беретінін, Қазақстан бейбіт келіссөздерді жүргізуге жағдай жасайтын мемлекет болып қалатынын шегелеп айтты. Былайша айтқанда, «әділ арағайын» қызметін жалғастыра береді» деген оймен қорытындылады. Мемлекет басшысының айтуынша, бұған дейін Қазақстан Ресей мен Украина арасындағы келіссөзді барынша қолдап, Минск келісіміне өз үлесін қосты. Қазіргі кезде Астанада Сирия мәселесі бойынша келіссөз өтіп тұрады. Президент Қатар мәселесін шешуге алаң ұсынуға даяр екенімізді де жеткізді.

(Өз тіліміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

1

трлн теңге. Астана қаласынан жыл сайын мемлекеттік бюджетке түсетін ақшаның көлемі

6

млн теңге. Қарағандылық азамат заңсыз бас бостандығынан айырылғаны үшін өтемақы өндіріп алды

5,8

млн теңге. Бір топ Алматының бірнеше тұрғыны караоке-барда бір түнде осынша ақша жаратқан

Арағайын

Еліміздің сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Сирия бойынша Астана процесі аясындағы 5-ші халықаралық кездесудің қорытындысын шығарды. Министрдің айтуынша, Елордада өткен кездесулердің нәтижесінде Сириядағы зорлық-зомбылық айтарлықтай төмендеген.

Кездесуде халықтың бейбіт өмірін қалпына келтіру үшін көптеген іс атқарылғаны туралы айтылды. Оған Сириядағы соғысты тоқтату режимінің кепілгер елдерінің күші, сонымен қатар БҰҰ тарапынан ұдайы қолдау септігін тигізді. «Қазақпарат» хабарлағандай, еліміз келіссөздерге өз алаңын ұсына отырып, Сирия халқының қайғы-қасіретін

жеңілдетуге және олардың бейбіт өмірге ұмтылысына көмек көрсету арқылы зор үлес қосты. Біздің саясат бүкіл әлемдегі диалогты, өзара түсіністік пен бейбітшіліктің тұрақтылығын нығайтуға бағытталған. К.Әбдірахманов шиеленісті саяси реттеуге қол жеткізу үшін бейбіт саясатын жалғастыра беретінімізді атап өтті.

АСТАНА ПРОЦЕСІ: НӘТИЖЕ БАР



7 сөз

Ресей елімізге 300 мың гектар жерді қайтарды

Әлеумет.1⁰

Осыдан бір ғасыр бұрын ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ 6 миллионбыз!» — деген екен. Араға жүз жыл салып қазақ жеріндегі халықтың саны 18 миллионға жетті. Ұлы нәубеттер болмағанда бұдан да көп болар едік!.. 18 миллионыншы тұрғын — Талдықорған қаласында өмірге келген. Мұслима Саматқызы ел демографиясын жаңа белеске көтерген несібелі сәби. Қазақ артынан көп бала ерген немесе бірнеше қыздан кейін ұл туылса, сол ұлдың алдындағы қызды «майкөтен»

отандастарымызды шашып жіберсеңіз, шілдің қиындай азыз. Біз көп болуға тиіспіз! Оған негіз де бар. Мәселен, алыс-жақын шетелде 5 миллион қазақ тұрады. Егер, сол қандастарымыздың бәрін атажұртқа әкеле алсақ, ел тұрғындарының саны 25 миллионға көзді ашып-жұмғанша жетер еді. Халықтың да рухы көтеріліп, рухани жаңғырар еді. Өзбекстан мен Қытай жеріндегі бауырларымыз көпбалалы болуға, өсіп-өнуге бейім.

БІЗ 18 МИЛЛИОНБЫЗ!

немесе «майтабан» дейді. Мұслима да халық санын су жаңа миллионға жеткізген «майтабан» «періште». Алты алаштан сүйінші сұрайтын жаңалық! Алайда Атыраудан Алтайға, Алатаудан Арқаға дейін көсіліп жатқан қазақ жеріне 18 миллион халық тым аз. Шығыстағы миллиард көршімізбен, теріскейдегі 140 миллион халқы бар Ресеймен салыстырғанда, біз ат төбеліндей азыз. Ұлы дала төсіне 18 миллион емес, 180 миллион халық керек. «Бос жатқан жер жау шақырады» — дейді бабалар. Қазақ даласы ешкімнің көзқұрты болмау үшін біз бұдан да көп болуға тиіспіз. 18 миллион — Бейжің мен Мәскеудің халқы. Ал біз «Ұлы дала елі» деп аталатын кешегі ұлы көшпенділердің ұрпағымыз. Тұтас түркінің алтын бесігі — қарашаңырақта отырған елміз. Қарашаңырақта басқан ел қашан аз болушы еді?! Сондықтан да біз көп болуға тиіспіз! «Көп қорқытады, терең батырады» деген де мәтел бар. Демек, 3 миллион шаршы метр қазақ даласына барша

Біз көп болуға тиіспіз! Егер, ішкі көші-қонды реттеп, оңтүстіктегі ағайынды солтүстікке көшіре алсақ, Қызылорда, Тараз, Оңтүстік Қазақстанда егін түгілі, мал бағуға жер таппай отырған ағайынның жайы шешілер еді. Теріскейге көшсек, жер емген, мал бағып өскен көшпенді баласы Арканың сайын даласында мың-мыңдап қой-ешкі өргізіп, жүз-жүзден жылқы-сыыр айдар еді. Карны тоқ, киімі көк елдің өсіп-өңбеуге, көбеймеуге хақысы жоқ! Біз азыз, көп болуға тиіспіз! Әр облыста кемінде 5 миллион адам тұрса, әр қаламызда екі миллион тұрғын болса, демографиялық қорқыншымыз азаяр еді. Монокаламның өзінде жарты миллион отандасымыз өмір сүрсе, алпауыт қай түркішімізден де кем болмас едік. Біз 18 миллионбыз. Одан да көп болуға тиіспіз!

Жарас КЕМЕЛЖАН



Бәрекемді!

Оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударуға 672 отбасы ниет білдіріп отыр. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауының Оңтүстік өңірінде жүзеге асырылу жайын баяндаған кезде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев мәлім етті.

КӨШ КӨЛІКТІ БОЛСЫН



Оның ішінде еңбекке қабілетті 1008 адамның 116-сы ауыл шаруашылығымен, 98-і кәсіпкерлікті дамытумен айналысуға, 794-і мемлекеттік кәсіпорынға жұмысқа орналасуға ықпаласты. Өңір басшысының айтуынша, 2017 жылдың ақпан айында Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарынан 60-тан астам өкілі келіп, Мақтарал, Сарыағаш аудандары мен Шымкент қаласында өткен еңбек форумына қатысқан. Нәтижесінде, 2019 адам қоныс аударуға ниет білдіріпті. Еңбек ресурстарының сұранысын қанағаттандыруға Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарымен ынтымақтастық меморандумы жасалды. Ал биылғы жылдың сәуір айында Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам, Қазығұрт, Сарыағаш, Мақтарал аудандары мен Шымкент қаласынан жалпы 58 отбасы Солтүстік Қазақстан облысына аттанды.

Сөз-Жебе

Светлана РОМАНОВСКАЯ, Қазақстан тұтынушылары ұлттық лигасының төрайымы:

«Еліміздің банктері клиентіне дұрыс ақпарат бермейді. Банк картасын таратып, екі ай ішінде картадағы қаржыны алуға, одан кейін үстемесіз қайтаруға болады дейді. Ал азаматтың кем дегенде 3 пайыз үстеме ақы төлеуі керек екендігі айтылмайды. Біз бұны адамды шатастырып, алдау деп есептейміз»



Түйткіл

— Түркияға барып демалып келмекшіміз, отбасымызбен, — дейді осында жолыққан Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы Қайрат Сүтемғенов, — Астанаға құдалық жөнімен келіп едік. Ел мақтаған Бұрабайды бір көріп кетейік деген ниет қой. Табиғаты жақсы екен, сынсыған қайын, балқарағай. Тек суы лай-ау деймін. Оның үстіне бұл жердің жүде бағасы да удай

ШІЛІҢГІР ШІЛДЕ ТУСА ДА БУРАБАЙДЫҢ БАСЫНАН БҰАТ КЕТПЕЙ ТҮР. КҮНДІЗ АПШЫНЫ ҚҰЫРАТЫН ЫСТЫҚ БОЛҒАНЫМЕН, КҮН КІРПІГІ ІЛІНГЕНДЕ КӘДІМГІДЕЙ ДЕНЕҢ ТОНАЗИДЫ. СОҒАН КАРАМАСТАН, БУРАБАЙДЫҢ БАУРАЙЫ КІСІНІ ҚӨПТІГІНЕН БУЛЫҒЫП ЖАТЫР.

Бүгінгі таңда облыс өңірінде ұзын-ырғасы 300-ден астам демалыс нысаны жұмыс істейді. Солтүстіктің шолтпаған қысқа жазында 500 мыңнан астам шетелдік қонаққа қызмет көрсетіледі. Әсіресе, іргедегі Ресейдің Омбы, Челябин, Новосібір, Түмен қалаларынан келетін туристер көбеюде.

бос тұруы көп. Атын атап әйгілемейді өтінген демалыс орнының басшысы өз құпиясын түгел болмаса да, бетінен қалқып айтып берді.

— Ертен кара күз туған соң, біздің демалыс орындарының есігін ешкім ашпайды. Сол себепті жазда табатын табысымызды тауып үлгеруіміз керек. Біз қызметкерлерімізге жыл он екі ай бойы ақы төлейміз, демалыс үйінің жылуы бар, суы бар, салығы бар, басқа да жөндеуі, жиһазды жанарту деген тәрізді қаншама қосымша шығынымыз жетерлік. Соның бәріне қаражатты жеткізу үшін суға түсу маусымы кезінде бағаны көбейтетініміз рас. Өйткені, біздің бар табысымыз осы екі айда ғана ғой. Ал Түркия

БАҒАСЫНА «ОҚ ЖЕТПЕС»

Booking.com

Қонақ үйі: **«Айнакөл»**
Қазақстан: **БУРАБАЙ**



10 күн
1 адам
Тамақ: Таңғы ас
Ойын-сауық: Ақылы
Трансфер: Ақылы
Бір адамның демалу ақысы:

350 000 теңге

Booking.com

Қонақ үйі: **MC Arancia Resort Hotel**
Түркия: **АЛАНИЯ**



10 күн
1 адам
Тамақ: All inclusive
Ойын-сауық: Тегін
Трансфер: Ұшақ билеті
Бір адамның демалу ақысы:

225 396 теңге

екен. Осыдан үш жыл бұрын Түркияда дем алып едім, Бұрабайға қарағанда, көп арзан әрі сервистері қандай тамаша! Дастарханында құстың сүтінен басқаның бәрі бар. Мына жерде қызмет көрсететіндер тегін қызмет істеп жүрген сияқты керенау. Бизнес жүргізуге шорқақыз ғой.

Мейманның мысын басқан баға мәселесі шынында да күйіп тұр. Ол туралы сәл кейінірек таратып айтамыз. Ал көптің көңілінен шықпай жүрген инфрақұрылымды дамыту жайы талайdan бері айтып келе жатқан, онынан тудырмақ болып талай ұмтылған күрделі тақырып. Шынын айту керек, Шуңы-Бұрабай курортты аймағы еліміздің туристік кластерін дамытуға орасан зор үлес қоса алар еді. Ақмола облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мәліметіне қарағанда, курортты аймақты дамыту жоспарының екінші кезеңі жалпы көлемі 47 миллиард теңгеден асатын 85 түрлі іс-шарадан тұрады екен. Осы тым қоматқы қаржы алдымен курортты аймақтың инфрақұрылымын дамытуға, туристік әлеуетін жақсартуға, сондай-ақ экология мәселесін шешіп, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмсалмақ.

— Міне, осы шеттен келетін туристерді тарту жайын ойластырудамыз, — дейді облыстық туризм басқармасының басшысы Шынарбек Батырханов, — ал баға мәселесін реттеу қиын шаруа. Оның өзіндік себебі бар.

Талдап көрдік. Сөйтсек, ол былай екен. Солтүстікте суға түсу маусымы бір-бір жарым ай ғана. Қонақтың дүмеп келетін кезі де дәл осы мезгіл. Шәһініп шалқарда шомылып жатпаған сон, жұрт сенің басқа қызметінді қайтсін?! Міне, осы екі айдың ішінде демалыс орындарының басшылары қарпып қалмақ. Қалған уақытта қантарылып



Байкал БАЙӘДІЛОВ, Көкшетау

Айтарым бар

Құрметті Ерлан інім. Әрине, әрбір адам өзінің тандауын жасайды. Сондықтан мен, сөзсіз, сенің тандауыңды сыйлаймын. Алайда бүгін сен өзіңнің емес, балаларыңның тандауын жасап отырсың. Мен сенің ойыңды, тандауыңды өзгертуден аулақпын. Мақсатым — баласын орыс тіліндегі мектепке беріп, сол қаламын ақтау үшін «орыс тіліндегі мектептің

Әлеуметтік желі мен электрондық БАҚ-та Ерлан Мұсаев есімді азамат орыс мектебінің артықшылығын, орыс сыныбын бітірген баланың озықтығын бес түрге бөліп, дәлелдеуге тырысыпты. Оны еліміздігі белгілі сайттар бірінен соң бірі көшіріп басты. Қызу пікірталас өрбіді. Қоғамды бей-жай қалдырмайтын осы мәселеге орай біз саясаттанушы Дос Көшімнің пікірін білген едік.

АЛ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ...



артықшылығын» айтатын қандастарымызға ой салу ғана.

Біздің унитарлық мемлекетімізде мектеп бағдарламасы барлық тілде де бірдей. Ал оқулықтың сол бағдарламаға сай жазылатыны да талассыз мәселе. Жоғары оқу орнында сабақ беретін оқытушы да бірдей (мен университетте қазақ бөліміне «Түркологияға кіріспе», «Қазақ тілінің практикалық курсынан» дәріс берсем, орыс бөліміне «Практикалық қазақ тілі» мен «Қазақ тілі мен орыс тілінің саластырмалы грамматикасынан» дәріс бердім). Сонда «орыс мектебінің артықшылығы» неде?» деген сұрақ туады.

Ресей мемлекеті, оның азаматтары өзінің орыс тілін қалай қастерлесе, біз де өзіміздің мемлекетіміздің тілін дәл солай қадір тұтып, оның қолданылу ауқымын кеңейтуге жұмыс істеуіміз керек. Патриотизмнің өзегі де осында жатыр. Ертен балаларын естияр болып «Әке, біз Қазақстан деген елміз. Мемлекеттік тіліміз және өзіміздің ана тіліміз — қазақ тілін дамытуға қандай үлес қосып отырмыз?» десе, Ерлан інім, «Бізге, елдің де, ұлттың та, мемлекеттің болашағы да қажет емес, тіршілік, қызмет болса болғаны» — деп жауап бермейтін шығарсың. Есінде болсын, өркениетті елдердің барлығы ұлттық патриотизм негізінде ғана бай да қуатты деңгейге жетті.

мойындау ғана. Әрине, болашақта орыс тілін білетін маманға сұраныс азаюы да мүмкін. Жақын көршілерімізбен саяси, экономикалық, тағы басқалай қарым-қатынасқа түсеміз. Бірақ сен «ближайшими соседями» дегенді тек Ресей деп түсінсен, әңгіме басқа.

Екінші дәлеліндегі «Хотелось бы, чтоб в будущем мои дети смогли спокойно найти работу не только в Казахстане, но и в бывших странах СНГ и в дальнем зарубежье» дегеніне толық қосыламын. Бірақ ол үшін орыс тілі емес, ағылшын тілін меңгеру қажет. Жоғарыдағы екі дәлеліне қарағанда, сен үшін «көрші мемлекеттер» де, «алыс шетелдер» де Ресей сияқты...

Үшінші дәлеліне келейік. Әрине, қазір көптеген ақпаратты орыс тілінен аламыз. Олар шет тілдерінен алады. Бірақ өзіңнің айтып отырған (қазақ мектебінде оқыған, ұлт жанаушыры) Рауан (Р.Кенжетханұлы — «Wiki-білім» қорының жетекшісі — ред) сияқты жастар қазақ тілді

ақпараттық қор жасауды қолға алып отыр. Мен сенің балаларың да қазақ мектебін бітіріп, осы іске қосылса екен деп тілеймін. Бұл жерде уақыт пен ниет қана керек. Айтпақшы, қазір менің балаларым (қазақ балабақшасында тәрбиеленіп, қазақ мектебінде оқыған) өзіне керек барлық ақпаратты ағылшын тіліндегі сайттан іздейді. Ол жердегі ақпарат легі орыс тіліндегі ақпараттан миллион есе көп...

Төртінші дәлелін сын көтермейді. «Дети, учащиеся в русских классах, бывают раскрепощеннее. Они умеют излагать свои мысли открыто. Наглость у них — второе счастье». Ерлан інім, «Наглость» — қазақ үшін, ешқашан жақсы қасиет болып саналмайды. Біз әлемдегі сыпайы да мәдениетті халықпыз.

Бесінші дәлеліне толық қосыламын! «Чем больше языков будит знать наши дети, тем лучше. Это не говорит о том, что мы отказываемся от родного языка». Талассыз бір шындық бар: қазақ мектебін бітірген жастардың барлығы қазақ және орыс тілін меңгеріп, билингв (*қос тілді* — *ред.*) болып шығады да, орыс тіліндегі мектептен бір тілді — тек орыс тілді боп шығады...

Осы шындықты мойындағандар баласын қай мектепке беру туралы басын ауыртпайды деп ойлаймын.

Дос КӨШІМ, саясаттанушы



— Әлеуметтік желіде Алматы әуежайының атауын өзгерту туралы ұсыныс айтылды. Ұсынысқа қатысты сіздер не айтасыздар?

Сауалы

Алтынның

Жауабы

Қалабай ӨТЕПБЕРГЕН,
Алматы қалалық тілдерді дамыту басқармасының ономастика бөлімінің басшысы:

— Алматы әуежайының атауын ауыстыру мәселесі Алматы қаласы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының жұмыс жоспарында жоқ. Өйткені бұл туралы қала тұрғындары мен қоғамдық ұйымдар тарапынан ұсыныс түспеді. Мұндай мәселе тек ұсыныс болған жағдайда ғана қаралады.

Білім Ресейдің жетекші жоғары оқу орындары – Томск политехникалық университеті (ТПУ), Мәскеу физика-техникалық институты (МФТИ) және Мәскеу политехникалық университетінің делегациясы Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы іссапармен келді. Делегация мүшелері QS халықаралық рейтинг агенттігі сарапшыларының кеңесі бойынша бүгінде әлемдегі 250 үздік ЖОО-ның қатарына кіруі жоғары білім мен ғылым саласындағы серпінді дамудың жарқын көрінісі ретінде бағаланатын ҚазҰУ-дың озық тәжірибесімен танысты.

Ресейлік ғалымдар университетте ашылған «Samsung», «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konika Minolta», «Fujitsu» секілді әлемдегі жетекші компаниялардың ғылыми-білім беру зертханалары, технологиялық парк, жасыл технологиялар орталығы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы және жағдаяттық басқару орталығының жұмысымен танысып, үлкен қызығушылық танытты.

«ТМД кеңістігінде қарқынды дамушы университет болып

мүмкіндік береді», — деді ҚазҰУ ректоры. Мәселен, ресейлік жоғары оқу орындарымен дәл сондай ынтымақтастықтың үлгісі ретінде осы жылы алғашқы түлектерін шығарған ҚазҰУ мен Томск политехникалық университеті арасындағы қосдипломды магистрлік бағдарламаның жүзеге асырылуын атап өтуге болады.

Екі университеттің мол тәжірибесін ескере отырып, тараптар ғылыми саладағы ынтымақтастықтың қарқынды жетілдіріп, ядролық және физикалық медицина, ғарыштық

РЕСЕЙ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ҚАЗҰУ-ДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІН ИГЕРУДЕ



табылатын сіздердің оқу орындарыңызға келу, біз үшін үлкен мәртебе. ҚазҰУ — әлемдік деңгейдегі университет екендігі сөзсіз! Алдыңғы қатарлы әлемдік деңгейдегі жана зерттемелерді, материалдық-техникалық, ғылыми инфрақұрылымның үдемелі дамып жатқандығын көріп, өсу нүктесін таба білгендіктеріңізге таң қалудамын. Сіздерден үйреніп, ынтымақтастық орнатуға әзірміз», — деп жігерлене атап өтті Томск политехникалық университетінің ректоры Петр Чубик.

Өз кезегінде ҚазҰУ-дың ректоры Ғалым Мұтанов жоғары оқу орындарының ынтымақтастығы негізінде халықаралық әріптестікті кеңейту университет қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылатындығын атап өтті. «Ресейлік жетекші жоғары оқу орындарымен нақты келісімдерге қол жеткізу Қазақстан мен Ресей мүддесінде кадрларды дайындау саласындағы көптеген мәселелерді бірлесіп шешуге

материалтану технологиясы бағдарламалары бойынша магистрлік бағыттың ауқымын кеңейтуге келісті. Сонымен қатар ҚазҰУ ғалымдары ойлап тапқан бериллий шикізатын өңдеу технологияларын ТПУ-да сынақтан өткізіп, өндіріске енгізу жөнінде келісімге қол жеткізілді.

2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Әл Фараби атындағы ҚазҰУ мен Мәскеу физика-техникалық институты арасында физика-техникалық және математика бағытында қосдипломдық магистрлік бағдарлама бойынша бірлесіп мамандар дайындау жобасы бастау алады. Сондай-ақ ҚазҰУ мен МФТИ Тянь-Шань биік таулы ғылыми бекеті үшін мамандар даярлауды жоспарлауда. Мәскеу политехникалық университетімен де «Жарнама және қоғаммен байланыс», «Журналистика», «Баспа ісі», «Дизайн» бағыттары бойынша қосдипломдық бағдарламаны жүзеге асыру туралы келісім жасалды.

Руслан ДОСТАЕВ

4 ЖҰҚ FUTURE ENERGY

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

EXPO-2017

Сонымен ашылғанына бір айға жуықтаған халықаралық ірі жобаны аралап шығуға біз де ат басын бұрдық. ЭКСПО қалашығының көлемі өте ауқымды. «Театр киім ілгіштен басталады» дегендей көрме аумағына келген адам жаңа ғасыр талабына сай салынған заманауи жоба екендігін бірден байқайды. Көлік тұрағының реттілігі, көрмеге кірер есіктің жүйеленуі, төртгіп пен тазалық, жастардың белсенділігі. Осының барлығыда жобаның жоғары деңгейде ұйымдастырылып отырғанынан хабар береді. «ЭКСПО-2017» көрмесінің тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп аталады. Сондықтан да мұндағы павильондардан баламалы қуат көзін алудың түр-түрін көре аласыз. Бұл жобалардың көбісі қызықты әрі өмірде қолдануға ыңғайлы және тиімді болып саналады.


«ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР АЙМАҒЫ»

«Үздік тәжірибелер аймағы» деп аталатын павильонда 13 елдің ең үздік деген 24 жобасы қойылған. Баламалы, жаңғырмалы және дәстүрлі салаға бағытталған бұл жобалардың барлығы халықаралық конкурста жеңімпаз деп танылған. Павилонның ерекшелігі — мұндағы барлық жоба бүгінгі таңда қолданыста бар және жүзге асырылған. Мәселен, 2008 жылдан бері Испанияның қарапайым халқы өсімдіктен электр қуатын алып, күнделікті тұрмысында кеңінен қолданып келеді. «BIOO Technology» жобасы — өсімдіктен энергия алатын технология. Жоба таныстырушы Ботагөз Мұханбетова «Бұл жобаның ерекшелігі — электр сымы гүл топырағының астыңғы қабатына орналастырылады да тамырларға жалғанады. Тамырға кабельдің ешқандай зияны жоқ. Гүлді суарған кезде және күн сәулесі арқылы фотосинтез процесі жүреді. Соның нәтижесінде өсімдіктің тамырында табиғи жолмен электр тоқтар органикалық зат бөлінеді. Осы биогенератордың ішінде арнайы бактерия мен элемент бар. Арнайы бактерия органикалық затпен қоректеніп, электрондық кабельмен тығыстырып, сақтағышқа сақтауға көмектеседі», — дейді. Испанияның Барселона қаласындағы «Оркаэнь» компаниясында жасалатын, 5 жас ғалым ойлап тапқан бұл құрылғының 1 кв метрі 220 доллар тұрады. Қондырғының кабелін 7 жылда бір рет ауыстырып тұру керек. Сайт арқылы тапсырыс беріп, сатып алуға болады.

Келесі бір қызықты жоба — «мұз қоймасы». Немістер қуатты мұздан алу жолын ұсынып отыр. Жобаны таныстырушы Олжас Әбдірамановтың айтуынша, бетоннан жасалған мұз қоймасы 10 текше метр суға толтырылып, жер астына 4-6 метр тереңдікке орналастырылады. Ішінде екі жылу алмастырғыш болады. Соның біріне антифриз құйып, ішінен өткен кезде су мұзға айналады. Судың бойындағы температураны алу арқылы жылу сорабына жеткізіледі. Жылу сорабы оны үйді жылумен қамтамасыз етуге жұмсайды. Жазығүні бұл құрылғы арқылы үйді салқындатса, қыстығүні жылытуға болады. Көптеген елде қолдау тапқан жоба Германияда, Швецияда, Швецияда қолданысқа енген. 10 куб метр су 100 кв метр бір үйге жеткілікті. Құны — 15 мың еуро болады. Гамбургтың бір қаласындағы 500-ге жуық отбасының үйі орталық үлкен мұз қоймасы арқылы қыста жылытылып, жазда салқындатылып отыр. Электр қуатын шектеусіз түрде сақтау жолын да германиялықтар ойластырған. 21 күннің ішінде тек қана күн қуатын пайдаланып, ұшып шыққан шведариялық «ABB» компаниясының ұшағына да үздіктер қатарынан орын беріліпті. 2016 жылы 5 шілдеде саяхатын Әбу Дабі қаласынан бастап, 26 шілдеде Әбу Дабиде аяқтаған. Бір ғана ұшқыш басқаратын ұшақ ауа райының қолайсыздығына байланысты 17 рет аялдама жасаған. Қанатының ұзындығы 72 метрге дейін жетсе, кабинасындағы күн сәулесін жинайтын батареяның салмағы — 450 келі. Қуаттылығы — 7,5 киловаттқа тең. Себебі қажетті биіктікке көтерілу, қуат жинау үшін ұшақ қанатына арнайы есептеліп күн панелі орналастырылған. Сондықтан да ұшақ ешқандай жанармайсыз-ақ ұшу мүмкіндігін дәлелдеді. «Ұшу саяхаты барысында 19 рет әлемдік рекордты жаңартқан. Оның ішінде ең тарихи рекорд — Жапония мемлекетінен Гавай аралдарына дейін шведариялық ұшқыш 4 күн, 21 сағат 52 минут үздіксіз ұшқан. Батареяның қуаты осынша күнге жеткен, яғни энергияның мүмкіндігі шексіз екендігін дәлелдей алды», — дейді жобаны таныстырушы Тоғжан. Өте үлкен болғандықтан, адам тасымалдау көлігі ретінде емес, болашақта батарея ретінде қолдану жағы қарастырылып жатқан көрінеді. Ал Италия органикалық заттан жылу, электр тоғын алуды ұсынуда. Ауыл шаруашылығының қалдығын оттегісіз 1000 градусқа дейін қыздырған кезде ол газ бөліп шығарады екен. Бұл жоба Қытай мен Италияның өндіріс орындарында қолданылуда. Жобаны таныстырушының айтуынша, органикалық зат ылғалды болса, электр тоғы өндірілмейді. Өнім тек құрғақ, кепкен болуы қажет.

ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮЗДІГІ

«Үздік тәжірибелер аймағы» павильоны ЭКСПО-2017 көрмесінің орталығы тәрізді. Мұнда қуат көзін алу, сақтаудағы үздік жобалар ғана емес дамушы мемлекеттердің қуат көздеріне қолжетімділігі мәселесі де назардан тыс қалмаған. Жоба таныстырушысының айтуынша, жыл сайын дүниежүзі бойынша 900 мыңға жуық бала өкпе



Мәселен, «Чили — ұзыннан-ұзақ созылып жатқан мемлекет. Оңтүстік жағында көбіне күн сәулелерін қолданса, орталықта су және жел энергиясын қолданамыз. Себебі мұхиттың жағасында орналасқандықтан, жаңартылмалы энергия көзін алу тиімді. Сонымен қатар биомассаны да қолдану арқылы электр энергиясын алып отырмыз. Қазіргі таңда 40 пайызға жуық жаңартылмалы энергия көзін қолданамыз. Алайда 2050 жылға дейін бұл көрсеткішті 70 пайызға жеткізу көзделіп отыр. Чилидің бұл үшін мүмкіндіктері жеткілікті», — дейді Чили секциясы комиссарының орынбасары Роберто Гонзалес. Чилиде басқа Латын Америкасы елдерімен салыстырғанда, энергияның барлық көзі де бар. Негізінен, Атакама шөлі елді алып жатқандықтан, күн

Биыл Астанада адам қарасы көп. Бас қалаға келуші қонақтың саны әр жылдармен салыстырғанда 2-3 есеге артқан. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген отандасымызды айтпағанда, шетелдіктің де топ-топ болып жүргенін бірден аңғарасыз. Баршаңызға белгілі, бұл қонақтың барлығы «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін тамашалауға келген. «ЭКСПО-2017» медиа орталығы таратқан ақпаратқа сүйенсек, 26 маусым мен 2 шілде аралығында көрмеге 217 732 адам келген. Бұл — орташа есеппен көрмені аптасына 31 304 адам тамашалаған деген сөз. Ал 10 маусым мен 2 шілде аралығында көрмені тамашалауға келгеннің жалпы саны 591 968 адамға жеткен.

жерге күн панелін орналастыру, желді аудандарға жел диірменін орнату жобасы қолға алынып жатқан көрінеді. Боливияда табиғи газ қоры жеткілікті, сол себепті бұл елде газдан қуат алу 80 пайызға дейін жеткен. Газ ресурсы өте көп болғандықтан, арзан әрі тиімді. Дегенмен, баламалы энергияны дамытуда қолға алынып отыр. Болашақта шетелдік инвесторлар тауып, бұл саланы әрі қарай да дамыту жағын қарастыруда екен. Бұл елді күн өте ыстық болғандықтан, күн энергиясын өндіру арзан әрі тиімді болып табылады. Мәселен, күннен қуат алу үшін небәрі панель мен генератор қажет болады. Ал жел энергиясы бұған қарағанда қымбатқа түседі. Латын Америкасы павильонында орналасқан келесі бір ел - Куба мемлекеті. Бұл елде күн сәулесінен, судан қуат алу 4 пайызға жуықтайды. 2030 жылға дейін жасаған бағдарламалары бойынша баламалы энергия саласын 4 пайыздан 24 пайызға дейін арттыру жоспарланған. Желден, күннен, судан ғана емес кубалықтар биомассадан, яғни қант құрағынан да электр энергиясын алуды қолға алып отыр. Кубаның сауда палатасының директоры әрі секция комиссары Мириам Мартинез «Жылына елімізге 4 миллионға турист келеді. Әсіресе, көбі Канададан келетін туристер. 26 шілдеде Кубаның ұлттық күні өтеді. Соған сәйкес, Астанаға сауда саласындағы көптеген кубалық делегат келеді. Екі ел арасындағы сауда-саттықты дамыту үшін біраз құжатқа қол қойылады деп күтуіміз. Астанаға келер де осындай әлемі, заманға сай «қала» деп мүлде ойланған жоқпыз. Алған әсеріміз тамаша», — дейді.

Доминикан Республикасы баламалы энергия көздерін зерттеуге баса мән береді. Мәселен, 2030 жылдарға қарай Доминикан Республикасында энергияға деген сұраныс жыл сайын 2,2 пайызға дейін артып, жылына бұл көрсеткіш 7,677 мың тоннаға жетеді деп есептелген. Бұл көрсеткішті CNE-нің Fundacion Barloche ұйымымен бірлесіп, 2013-2030 жылдарға арналған энергияға деген сұранысты зерттеу барысында анықталыпты. Секция комиссары Ханс Кастелланостын айтуынша, мұнайға тәуелді ел болғандықтан, бүгінгідей құбылмалы нарық кезінде баламалы энергияны дамыту маңызды болуда. Сондықтан 10 шілдеде Астанаға энергетика саласының көптеген мамандары келеді екен. Гватемала әлемге жанартауларымен әйгілі. Бүгінгі күні жанартауды да халық пайдалануға жаратуға. Мирна Альварес «Гватемалада ең көп дамығаны — су энергиясы. Ол барлық энергияның 34 пайызын құрап отыр. Геотермалдық энергия көздері, яғни жанартаулардан алынатын электр, жылу қуаты — 1 пайыз болса, биомассадан 11 пайыз электр энергиясын алуда. Қалғаны — дәстүрлі энергия саласы», — дейді.

Жағажайы мен курортына жылына көптеген турист ағылатын Мексика да баламалы қуат көзіне мән береді. Секция комиссары Марта Каталина «Біз елімізде баламалы энергия саласын жоғары деңгейде дамыту үшін инвестор іздеудеміз. Сондықтан да осы көрмеге қатысып, көптеген елдердің тәжірибелерімен танысып, білудеміз. 2014 жылға дейін Мексикада жалпы электр энергиясы 65,452 мегаватт болса, оның 16,047 мегаватты жаңартылмалы энергиядан алынған болатын. Оның қатарында жел, күн, су, геотермалды, биомасса энергиялары бар», — дейді. Мексикада жаңартылмалы энергия өндіретін қондырғылар саны 230-ға жеткен. Ең үлкен жел және биомасса жобалары — Мексикада орналасқан. Елдегі жаңартылмалы энергияның дамуына Жапония мен АҚШ көп үлес қосады екен.

Соя экспорттау бойынша танымал Парагвайда да баламалы энергия алу жақсы жолға қойылған. Ондағы «Итайпу» гидроэлектростансасы — әлемдегі ірі су стансаларының бестігі қатарына енеді. Елдің тұтынатын 70-90 пайызға жуық электр қуаты осы су стансасынан алынады. Дегенмен желден, күннен де энергия алу жағы да бүгінде қолға алынып жатыр.

Гондурас — ауыл шаруашылығы өніміне, орман алқабына және теңіз өніміне бай ел. Бұл елдің климаты банан, қант құрағын, пальма майларын және өзге де тропикалық жемістерді өсіруге қолайлы. Бүгінгі күні Гондураста 125 мегаватт энергия өндіретін Серро-де-Хула жел фермасы бар. «Қазіргі таңда елімізде көптеген баламалы энергия көздерін қолданамыз. Ең көбісі — су энергиясы. Сонымен қатар су, жел энергиясын дамыту көзделуде. Жалпы өндірілетін энергияның 75 пайызы — жаңартылмалы энергияға тиесілі. Оның 45 пайызы гидроэнергияға, қалғаны су, желге қатысты. Орталық Америка бойынша ең үлкен күн панелілерін орнатқан елдердің біріміз», — дейді секция комиссары Карлос Марралиага. Комиссардың айтуы бойынша, кез келген баламалы энергия көзін алу қымбатқа түседі. Бірақ көп жылға есептеліп жоспарланса, шығын өз-өзін ақтайды екен.

Коста-Рикада баламалы энергия 5 түрлі, яғни судан, желден, күннен, биомассадан, жанартаулардан алынады. 90 пайыздан астам электр энергиясы жаңартылмалы энергия көздерінен алынады. Жылына Коста-Рика 275 күн дәстүрлі энергияны пайдаланбай өмір сүріп көрген екен.

ТЕЗЕКТЕН ДЕ ҚУАТ АЛУҒА БОЛАДЫ

Кариб қоғамы плазасында да көптеген елдің жобасы орналасқан. Соның ішіндегі ең қызықтысы — Барбадос мемлекетіндегі су жылытқыш қондырғы. Барбадостықтардың барлығы дерлік үйін күн панелдері арқылы суды 70-80 пайызға дейін ысытып, жылытатын қондырғымен жабдықталған. Бір үйді жылытуға жарайтын құрылғы 1500 доллардан басталады. Бұл құрылғылар көп жылға арналғандықтан, халыққа тиімді әрі арзан болады. Сондықтан да бұл аппаратқа деген басқа мемлекеттердің де қызығушылығы артқан.

Барбадостықтар күс пен үй жануары тәзегінен жарық алып отыр. Фермерлердің көпшілігі өзінің шаруашылығына қажетті электр қуатын өздері өндіруді қолға алған. Себебі қалалы жерлерден алыс орналасқандықтан, фермаға жарық жеткізу қымбатқа түседі. Сондықтан малшылар мал тезектерін арнайы ыдысқа жинап, жиналған газдан электр қуатын алады.

ТҮЙІН


ЭКСПО-2017 көрмесі — халықаралық маңызы бар өте ауқымды шара. Мұндай маңызды шараны ұйымдастыру — біздің мемлекет үшін үлкен тәжірибе және абыройлы іс. Осы көрмені аралап қайтқан әрбір отандасымыздың көкірегінде еліміз деген мақтаныш сезім мен сүйіспеншілігі арта түседі деп білеміз. Себебі бұл жоба — күллі әлемнің озық технологиясын бас қаламыз Астанаға алып келген мән маңызы ерекше көрме. 1970 жылдан бері 7 ЭКСПО көрмесіне қатысқан, 80 жастағы «ЭКСПО-әсей» атанған Томию Ямада да Астанаға келеді. «ЭКСПО-2017 көрмесі қазіргі заманның ең басты мәселесін, соның ішінде жаңғыртылатын энергия көзіне оту және қоршаған ортаны сақтау мәселесін қозғап отыр. Мұнда көптеген қызықты дүниені көруге болады. Күллі әлем бойынша ЖЭК қолдану мен қоршаған ортаны сақтау мәселесін дәріптеуде ЭКСПО-2017 көрмесінің мүмкіндігі зор екендігіне сенемін. Көрменің басты нысаны — «Нұр Әлем» сферасы музейге айналатынын білемін, сондықтан осында келетін балалардың табиғат жайында және оны сақтаудың маңыздылығы турасында білуді қалар едім», — деді Томию Ямада көрменің маңызы мен болашағы жөнінде. Еліміздің әр түкпірінен келген жастар мен балалар үшін озық технология мүмкіндігін көзбен көріп қайтуы олардың «білімге, ғылымға» деген қызығушылығын арттыра түсері сөзсіз. Бір айта кетерлігі, бұл әр елден келінген озық әрі бағасы тиімді технологияға тек тамсанып қана қоймай, қажеттісін елімізде тәжірибе жүзінде енгізуге болатынын да ескергеніміз жөн. Еліміз білім және ғылым министрлігіне көрмеде ұсынылған озық жобаларды іріктеп, бізге қолайлысын зерттеуді тапсырған-ды. Алайда екі-үш айдан кейін көрменің ақпараттық ескерсек, бұл жөнінде ұзақ ойлануға уақыттың тапшы екенін білгеніміз жөн. Өздеріңіз байқағандай, көрмеге, тіпті технологиялық тұрғыда аса дамымаған Латын Америкасы елдері де қатысып, баламалы қуат көзін ізеруді жетік меңгергенін байқатып отыр. Себебі олар нарықтың құбылмалы екенін түсініп, арзан әрі тиімді баламалы қуат көзін дамытуға қолға алған. Ал Барбадос мемлекеті күс пен үй жануары тәзегінен жарық алып отырғанын да айттық. Яғни әр ел қолда бар табиғи байлықтың мүмкіндігін пайдалануда. Біздің елде тек тезектен емес, күннен, желден, судан қуат алуға бар мүмкіндік бар. Тек осы көрмеде көрсетілген технологияның тиімді әрі арзанын оңды пайдалансақ болғаны...

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ,
Астана қаласы

ЖЕЛ МЕН СУДЫ КӨДЕГЕ ЖАРАТҚАН ЕЛДЕР

Біз бас сұққан келесі павильон — Латын Америка плазасы. Онда 9 мемлекет өз көрмесін таныстыруда. Атап айтсақ, Чили, Боливия, Куба, Гватемала, Гондурас, Мексика, Коста-Рика, Парагвай және Доминикан Республикасы. Әр елдің өкілі павильонға келген қонаққа мәдениеті, дәстүрі, сондай-ақ баламалы энергия саласында жеткен жетістігі туралы айтып берді. Латын Америкасында орналасқан мемлекеттерде көбіне күн, су және желден электр қуатын алу жағы жақсы дамыған.

шаруашылығы мен туризм өте жақсы дамыған. Көбінесе, тарихи жер өте көп. Дегенмен мемлекеттің жаңартылмалы энергияны дамытуға байланысты көптеген ұсынысы бар. Мәселен, Боливия секциясының комиссары міндетін атқарушы Даниэла Арабеның сөзіне сенсек, жарық жақсы түсетін



Татулық

Осы ретте этномәдени бірлестік өкілдеріне «Еліміздегі этномәдени бірлестіктердің маңызы қандай? Осы күнге дейін қаламыздағы татулық пен ынтымақты сақтауға қандай шара атқарылуда? Әрбір этнос өкілі ел бірлігін нығайтуға қандай үлес қосуда?» — деген сауал жолдаған болатынбыз.

Абдулла УШУРОВ, Ұйғыр этномәдени бірлестігінің төрағасы:



— Біздің Ұйғыр этномәдени орталығы 1989 жылдан бастап құрылды. Мен бұл орталықты 2006 жылдан бері басқарып келемін. Осы күнге дейін ұйғыр мәдениетімен бірге қазақ елінің мәдениетін сақтай отырып, этномәдени орталық өз жоспарын іске асырып келеді. Біздің төл газет-журналымыз, театрымыз, тіпті екі тілде тең ақпарат тарататын арнамыз да жұмыс істейді.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстандағы байлық мұнай, газ, алтын емес, біздің байлығымыз — халықтың бірлігі» — деген болатын. Сондықтан қазір халқымыздың ең асыл қазынасы — бірлігі мен татулығында дер едім. Елбасымыздың сындарлы саясатына бүкіләлем көз тізуде. Еліміздегі 130 ұлттың басын бір арнаға тоғыстырып, Қазақстан Халқы ассамблеясын құруының өзі Елбасының көрсендігі. Еліміздегі тұрақтылық пен бірлікті сақтау әрбір этнос өкілінің міндеті.

Қазақстандық ұйғырлардың мемлекетіміздегі ұтпаралық татулық және достықты одан әрі нығайтуда қосып жүрген үлесі зор. Біз заманның демократиялық өзгеруіне ілесіп, әртүрлі қоғамдық негіздегі ұйымдарды өмірге әкелдік. Мәдениет орталықтары жан-жақты жұмыс атқаруда. Еліміздегі барлық аудандық, қалалық және облыстық мәдениет орталықтарының басы біріктіріліп, республикалық ұйғыр этномәдени орталығы құрылды. Елімізде қалыптасқан саяси тұрақтылық, экономикалық даму, ұлттардың өзара татулығы бүгін әлемде «Қазақстан үлгісі» ретінде ауызға алынып, үлгі ретінде зерттелуде. Қазақстан ұйғырлары да жан-жақты ізденудің нәтижесінде мемлекетіміздің дамуына өз үлесін қосуда. Бүгінгі таңда елімізде ұйғыр тілінде білім беретін 63 мектеп бар. 13 ұйғыр мектебі және 31 аралас орта мектептерде ұйғыр сыныбы бар. Мектептерде 16 мың бала өз ана тілінде білім алуда. Қысқасы, рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде барлық жағдай жасалған. Біздің бірлестік ассамблея, «Қоғамдық келісім» Алматы қаласының әкімдігі тарапынан ұйымдастырылатын

«Ынтымақ, бірлік, келісім — ең асыл бақыт ел үшін» деген қағидамен өмір сүрген халықпыз. Ата-бабамыздың аңсаған арманына қол жеткізіп, бүгінгі күні бірлігі мен келісімі жарасып, ырысы мен ынтымағы ұйғыған тәуелсіз мемлекетке айналдық. Ұлттық бірлік Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр этносқа, діни және әлеуметтік немесе басқа ерекшелігіне қарамастан, оларға тең мүмкіндік беріп, қоғамның барлық өкілін ортақ мақсатқа жұмылдыруға негізделеді. Елбасы Н.Назарбаев «Біздің елімізде барлық этнос қазақстандық қоғамның маңызды және үйлесімді бөлігі болып табылады. Оның өкілдері өзінің рухани қажеттілігін қанағаттандырып, өзіндік ерекшелігін сақтап, қазақстандық мемлекет құруға өз үлесін қоса алады» — деп атап өткен болатын. Елімізде этностық топтардың тілі мен дәстүрін, өдет-ғұрпын дамытуға толықтай мүмкіндік жасалған.

БЕРЕКЕМІЗ БІРЛІКТЕ



шараға белсене қатысады. Елімізде әрбір ұлтқа өз мәдениетін дамытып, салт-дәстүрін сақтауға барынша жағдай жасалған. 1 маусым — Балаларды қорғау мерекесіне орай «Қоғамдық келісім» ұйымымен біздің мәдени орталық бірлесіп, №1 «Балалар үйіне» барып, әсіресе ондағы мүгедек балаларға сый-сыяпат беріп қайттық. Алдағы уақытта да осындай игі істерді ұйымдастыратын боламыз. Этномәдени орталық еліміздегі барлық ұлттың бірлікте, татулықта өмір сүруіне өз үлесін қоса отыра береміз. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзгіміз жарқын! Біздің тірегіміз — тәуелсіздік, тілегіміз — тұрақтылық, ұранымыз — бірлік.

Спиридон КОСМИРИДИ, Грек этномәдени бірлестігінің төрағасы:

— Елбасымыздың саясаты — бірлік, бейбітшілік пен татулық. Мақсатымыз бен болашаққа жоспарымыз айқын. Қоғамда татулық пен бірлікті сақтау — ең басты міндетіміз. Грек ұлтының алғашқы этномәдени орталығы 1989 жылы «Эос»



да мойындаған. Олардың қатарында БҰҰ, ЕКБҰ сияқты танымал бірлестіктер бар. Ал біздің этномәдени орталық еліміздің саяси тұрақтылығын сақтауға белсенді атсалысуда. «Қазақстандықтар — болашағы біртұтас ұлт. Қазақстандық бірлестікті одан әрі нығайту қажет. Орталықтың негізгі мақсаты — қазақ халқының төңірегіне топтасуды түпкі өзегі ете отырып, қазақстандық патриотизм мен біртектілікті берік орнықтыруға және этносаралық келісімді қамтамасыз етуге қызмет ету. Осы мақсатқа жету жолында оның жүздеген шарасы іске асып, қазақстандық тұтастық бүгінгі күні күнделікті өмірлік нормаға айналып келеді.

Сахналардан түрлі этнос өкілінің қазақ әнін шықпап, күйін тартқанын естіп, қазақтың салт-дәстүрін көрсеткен қойылымын тамашалағанда қазақстандық тұтастықтың ұйытқысы болып отырған осы ассамблеяға әбден риза боласыз. Сонымен бірге этномәдени бірлестіктер өзінің белсенділігін де жылдан-жылға арттырып, қазақстандық патриотизм мен біртұтастықты сақтауға үлес қосып келеді.

Александр БАРОН, «Мица» еврей этномәдени бірлестігінің төрағасы:



— Еліміздегі еврей ұлттық мәдени орталығы 1992 жылы құрылды. Орталықтың негізгі мақсатының бірі — еврей ұлтының мәдениетін дамыту, жаңғырту. Ал мәдени бірлестіктің бағыты-этникалық, діни тұрақтылықты нығайта отырып, көпұлтты халықтың бірлігін сақтау. Еврей мәдениеті орталығы қазақстандық патриотизмнің қоғамдағы ұстанымын қалыптастыру мен дамыту жұмысына ерекше көңіл бөледі.

Этносаясаттың заманауи тәсілін, этносаралық қарым-қатынастағы медиация саласын меңгеруде орталық мүшелері үнемі өз біліктілігін арттырып отырады.

Еврей этномәдени бірлестігі республика мен облыс, қаламыздағы қоғамдық өмірінің атаулы оқиғаларына арналған іс-шарада жауапкершілікпен, жасампаздықпен ұйымдастырады. Еліміздегі әрбір этномәдени бірлестіктердің емінеркін жұмыс істеп, ойлаған игі бастамасын жүзеге асыруына мемлекет тарапынан қолдау зор.

Макпал НОҒАЙБАЕВА, Алматы қаласы

ТІРШІЛІК

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Талан

Әрине, соңғы бірнеше жылдар аралығында патриотизм тақырыбы елімізде жиі талқыланып келеді. Саясаткер, саясаттанушы, әлеуметтанушылар және ғылым немесе саясат жолында жүрген ғұламаларымыз бұл тақырыпты өз көзқарасы жөнінде қате пайым жасауына түрткі болады. Сондықтан жеке адамның негативті ойы, тәжірибесі, түсінбеушілігі бала бойында қалыптасып келе жатқан патриоттық сезімді қалай жойып жібергенін де байқамай қаламыз. Мәселен, жуықта ғана үлкен сән-салтанатпен ашқан «ЭКСПО-2017» көрмесі жайлы да көптеген керсара, түсінбеушіліктен туындаған теріс пікір айтылды. Бұл қалай болғанда да жастардың кейбірінің санасына ЭКСПО-ға деген теріс пікір «дөнегін екті». Ал біраз жыл өткен соң, сол теріс пікірді айтқан азамат елімізде «патриотизм жоқ» деген мәселені қайта көтереді.

Патриотизм — ол бір ұлт өкіліне немесе бір мемлекет азаматына тән адамгершілік құндылықтан, субъективті қабылдау негізінде қалыптасқан сезім. Ол қарапайым сезіммен эмоциядан қалыптасады.

Осыған байланысты еліміз тәуелсіздігін алған жылдардан бастап, азаматтардың патриоттық сезімін қалай қалыптастыру жайлы сұрақ жиі туындап келеді. Күрделі сезім психологиялық тұрғыдан тек адамның жүріс-тұрысынан, іс-әрекетінен байқалады.



Патриоттық іс-әрекет бес бөліктен тұрады. Ол: ой (эмоция әсері өте жоғары), бағдар, реакция, қарым-қатынас және энергия.

Адам ойының қалыптасу процесі өте күрделі. Ол мәдени, ұлттық, саналы және бейсаналы факторға тәуелді. Бірақ оған қарамастан, ой әрекеті эмоцияға тәуелді. Егер адамда кез келген зат немесе жағдайға оң эмоционалды бағытта болса, онда ол сол затты немесе жағдайды оң оймен қабылдайды. Осыған орай, адам санасына әсер ететін қоршаған ортадан келетін түрлі ақпарат жағымды болса, соған сай тұлғаның да ойы оң, яғни дұрыс пікір қалыптасады. Бүгінгі таңда балалар санасында патриоттық ойдың қалыптасуына негізгі себепші болатын каланың бірі — Астана. Себебі Астана — елорда ғана емес, әрқашан үлкен белесті бағындырған, қарқынды және заманға лайық дамып келе жатқан жана да әсем қала ретінде жастар санасында орныққан. Сонымен қатар еліміздің түпкір-түкпірінен келген жастар үшін Астана өзі сияқты дамып, өзгеріп, көркейіп келе жатқан құрдаас іспеттес көрінеді. Сол себепті де жастардың 80 пайыздан астамы Астанаға келуді армандайды. Ал бұл дегеніміз — жастар санасында оң патриоттық ойды қалыптастыруға негіз бола алады.

Оң ой қалыптасқаннан кейін, адам дұрыс бағдар тандайды. Сөйтіп, ол бейсаналы түрде қалыптасқан бағдарды толықтырып, жетілдіру және санада берік орналастыру үшін қосымша мәлімет жинап, жақыны, туған-туысының осыған байланысты іс-әрекетін, пікірін зерттей бастайды. Патриоттық сезім, іс-әрекет көп жағдайда осы деңгейге жеткен кезде дамуын тоқтатады.

Осы әсердің алдын алу үшін және дамып келе жатқан жас бала санасында теріс көзқарас қалыптаспас үшін, негатив пен жағымды жағдайды да айтып, түсіндіріп отыру қажет. Тек осылай кез келген жағдайдың барлық жағын жастарға көрсету арқылы біз патриоттық іс-әрекеттің бағдарын ары қарай дамытып, жастардың оң пікір қалыптастыруына дейін жетілдіреміз.

Жастарда Астанаға деген сүйіспеншілік жақсы бағаланса, олар Елорданы одан да жоғары бағалап, сүйікті қаласы үшін жағымды іс-әрекет жасағысы келеді. Ал қалыптасқан жақсы қарым-қатынас және жағымды әсер бүкіл елге деген сүйіспеншілікке айналады.

2016 жылдың 23 сәуірі мен 6 мамыр аралығында саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар қауымдастығы өткізген үлкен зерттеуіне сәйкес, еліміздегі жастардың 52 пайызы өзін патриот деп санайды. Сол көрсеткіштің көпшілігі, яғни 80 пайызы ауыл жастары екен. Егер бұл көрсеткіштің әлі де болса өсіп, балалар бойында патриоттық сезім қалыптассын десек, бейбіт мемлекет қалыптастырамыз десек, өзімізден бастауымыз керек. Сондай-ақ жастардың бойында пайда болып келе жатқан отаншылдық сезімге қамқор болуымыз қажет. Сондықтан қай кезде де еліміз туралы ой-сезіммен бөліскен кезде әрқашан келешегімізді ойлап қадам жасағанымыз абзал.

Әсел ИСАХАНОВА,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті педагогика және психология ғылымдарының PhD докторы

Таным

Еліміздегі мәдениет және спорт министрлігі тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің мемлекеттік тапсырмасы негізінде Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы «Мемлекеттік тілді үйрету элиталық курсы» мәдени мекемесімен бірлесіп «Жексенбілік мектептерде қазақ тілі мен ұлттық (ана) тілдерді жеделдете оқытудың әдіс, тәжірибе, инновация» атты республикалық семинар-тренингін ұйымдастырды.

Семинар Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында «Эдельвейс» конференц залында өтті. Жиынға республикадағы ұлт өкілдеріне тіл оқыту орталықтарынан жетіске жуық әдіскер мен оқытушы қатысты.

Республикалық семинар-тренинг барысында Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры, ф.ғ.к. Ербол Тілешов пленарлық отырыс басында осы шараның өзектілігі мен мақсаттарын айшықтап, құттықтау сөз сөйледі.

Жиында «Мемлекеттік тілді үйрету элиталық курсы» мәдени мекемесінің директоры Сәуле Бақыбаева сөз

алып, оқыту курстарында мәдени-тілдік бой үйрету сабақтарының құрылымы мен мазмұнын талдай келе, жоба ерекшеліктері жайында ой түйді: «Бұл жобаның негізгі мақсаты — тілдерді оқытудың озық әдістемелері бойынша және басқа да озық тіл үйрету құралдарының көмегімен түрлі этностық топтардың тыңдаушыларына мемлекеттік тіл мен ана тілдерін үйрету болып табылады. Бұл біздің алдымызға: қоғамдық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретінде қазақ тілінің мәртебесін көтеру; тіл, мәдениет, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар арқылы тыңдаушылардың бойында толеранттылық қарым-қатынас әдебин қалыптастыру міндеттерін қояды».

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ – БҮГІНІ мен БОЛАШАҒЫ»

Семинар көптілді білім беруді дамыту орталығының директоры, доцент Сәуле Асанбаеваны қазіргі тіл үйрету жүйесінде көптілді полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру туралы баяндамасымен жалғасты. Мазмұнды баяндамадан соң, семинарға қатысушыларға арналған тіл үйретудің психологиялық аспектілері туралы тренинг өткізілді. Тренингті EDTECH халықаралық білім орталығының бас директоры, Қазақстан ұлттық ЮНЕСКО клубтары федерациясының вице-президенті Ғани Бейсембаев жүргізіп, тіл үйретудің психологиялық тұстарын дәлелденген практикалық жұмыстар арқылы талқылады.

Семинардың екінші бөлігі Қазақстандағы этникалық оқыту орталықтарында қазақ тілі мен этнос тілдерін оқытушылар көрсеткен сабақ үлгілеріне ұласты. Сабақ үлгілерінің қатарында Г.Жұмалиева, элиталық курс пен мектеп оқытушылары Ж.Түктібаева, Н.Доспанбетова, К.Еспаева, Г.Нұрғазина, Н.Жұбаншыева, Ш.Садубаева, Н.Мейірманова, А.Әубәкірованың жұмыстары көрсетіліп, талданды. Қатысушылар семинар-тренингте тіл үйретудегі әдістер мен инновация, тәжірибенің талқылануы арқылы мемлекеттік



тілді оқыту жұмыстары жетіле түсетініне көз жеткізді. Семинар-тренингте Е.Литвинова, Д.Абдувахпапова, Х.Санху, С.Аргиропуло, З.Алиева, М.Байрамқұлова

сынды тіл өкілдері корей, өзбек, дүнген, грек, түрік, балқар тілдерін оқытудағы инновациялық әдістер мен тәжірибе мәселесін көтеріп, семинарға дайындаған жаңа үлгідегі сабақ үлгілерінде өз тәжірибелерімен бөлісті.

Семинардың қорытынды бөлімінде облыстар мен аймақтардан келген семинар қатысушыларының пікірі тыңдалып, әдіскерлер мен оқытушылар шарадан туып тұжырым, ұсыныстарымен бөлісті. Қатысушылар өз сөздерінде ұйымдастырушыларға пайдалы семинар-тренинг үшін алғыс айтып, ілтипатын білдірді. Семинар соңында Ербол Тілешов: «Бұл шара Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік және ана тілдерін меңгеру жүйесін құру жөніндегі жұмысты ыңымдастыруды бағамдайды. Бұл бағытта елімізде ортақ жүйе жасау қажеттілігі аса өзекті. Өйткені, курстарды ұйымдастыруда болсын, оларды қажетті оқы-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету де болсын қажетті жүйе әлі де тек қалыптасу деңгейінде ғана. Ең бастысы, мұндай жұмыстар қазақстандық отандылықты қалыптастыруға да ықпал етеді. Соған орай, көптілді білім беру, тіл үйретудегі қолданылатын әдіс-тәсілдер, тілдік саясат және мемлекеттік тілді оқыту жұмыстары осындай шаралар арқылы жетіле түсіп, тіл болашағына жарқын жол ашарына сенімдіміз» — деді.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Түлек-2017

Алматы қаласында 4 жылдық оқуды тәмамдаған Қазақстан теңіз академиясы (ҚТА) биыл екінші рет кадеттеріне диплом табыстады. Ресімге еліміздің мемлекеттік мекемелері, Қазақ-Британ университетінің (ҚБТУ) басшылығы, «Теңізшевройл» ЖШС мен БАҚ өкілдері қатысты. Елбасының тапсырмасы бойынша ҚТА 2012 жылы тікелей «Теңізшевройл» ЖШС-нің қолдауымен құрылып, ҚБТУ университетінің ішінен ашылған.

АЛАТАУДАН ҰШТЫ, ТЕҢІЗДЕ ТҮЛЕЙДІ



Бұл академия теңізші маманын кәсіби даярлап шығаруда. Мұнда түскен студент тек грантта оқиды. 2 жыл теория, 3-курста теңізге тәжірибеден өтеді. Ал соңғы курста дипломдық жұмысына дайындалады. Бұдан бөлек, навигациялық құралды пайдалана отырып, кемені жүргізуге үйрететін инновациялық технология паркі бар. Сондай-ақ академия түлгі шетелде де жұмыс істей алады. Академиядан канат қалған Нұркен Тәжібаев бұл

салаға көп жастың келе бермейтінін айтты. Дегенмен мамандық жоғары сұранысқа ие. Ол «Өзім атыраулықпын. Қаламыз теңізге жақын орналасқандықтан болар, суда жүру, кемені басқару — менің балалық арным. Болашақта өз мамандығым бойынша жұмыс істеп, кәсіби маман ретінде еліме пайда тигізгім келеді», — деді. Ал Нұркенмен бірге оқыған Мадина Омарова «Суды жақсы көремін. Теңіздегі кемені көріп, қатты қызықтым. Сөйтіп, осы академияға оқуға түстім. Теңізге жүріп, көп нәрсені білдік, үйрендік. Төресеміз тәжірибені ұштастырдық. Мамандықтың онайы жоқ. Бірақ оған деген қызығушылығым барының жетіп шықты. Алдағы жоспарым — білікті маман болу» — деген ойымен бөлісті.

Салтанат ШЫРЫНХАН

Форум


Еліміздің және әлемдік мықты мамандардың басын қосқан жиын «Индустрия 4.0» атты пленарлық сессиямен басталып, «сандық экономика, инновациялық экожүйе, ақылды қала және урбанистика» атты бөлімдерді қамтыды. 21 маусым күні Капитал іскерлік ақпарат порталына «Инновациялық форумның бір спикері робот болмақ» атты мақала жарық көрген болатын. Оның ел алдына шығып, қалай таныстырылатынын ұйымдастырушылар күпия ұстаған еді. Ал біз сол роботтың ел алдында сөйлеген сөзінің куәсі болдық. Инновациялық технология арқылы қаладағы өзекті мәселенің шешімін табу үшін түрлі жоба талқыға түсті. Спикерлер тізімінде Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек, Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің төрағасы Бағдат Мусин, Global Visions-Silicon Valley және ORACLE Corp бұрынғы вице-президенті Марк Ивановский, Future Laboratory, Грузияның Инновация мен технологиялар бойынша агенттігінің бұрынғы төрағасы Ираклий Кашибадзе және басқа да сарапшылар қатысты.

Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек сөзін ғалам мен ғылымды сөйлеткен ағылшын тілінде бастады. Дәстүрге айналған форумға қатысушыларға алғыс білдіріп, сөзін былайша жалғады: «Жыл сайын екі мыңға жуық шағым түседі. Инстаграм желісін қолданушылардың 75 пайызы тұрғын-үй шаруашылық басқармасы (ТШБ)-ның (КСК) жұмысына наразы. Бұл мәселе топталып наразылық

сұрақтардың шешімі тұрғындардың қолдауы мен белсенділігіне тікелей байланысты. Мұндай жобалар бюджетті үнемдеуге зор ықпал етеді. Нәтижесінде, осы жылы бюджет қоры 44 пайызға өсті. Барлық мемлекеттік мекеме өз қаржы қорын, бюджеттің қалай қолданылып жатқандығы жайында есеп беріп отыруы тиіс».

Бизнестің тек қауіпсіз қалада ғана дамитынын тілге тиек еткен қала әкімі тұрғындар 24 сағат бойы көшеде еркін серуендей алуы керектігін айтты.

камераларын бір жерге түйістірсе ғана тиімді болады. Бұл істі тек әкімдіктің мойнына іле салмай, тұрғындар да белсенді араласуы тиіс. Себебі ақылды қаланы жасауда ең алдымен, тұрғындардың алар үлесі орасан зор. Екінші мәселе бұл — экология.



ҒЫЛЫМ – ЕҢ АЛДЫМЕН, БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДІ ЖЕҢІЛДЕТІП, ОЙ-ӨРІСІМІЗДІ КЕҢЕЙТЕТІН КӨКЖИЕК. «АЙШЫЛЫҚ АЛЫС ЖЕРЛЕРДЕН ЖЫЛДАМ ХАБАР АЛДЫРЫП», КӨП ЖҰМЫСТЫ АЗ УАҚЫТТА ТЫНДЫРУҮШІН ҒЫЛЫМҒА ЖҮГІНЕМІЗ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫҢ ЖӘРДЕМШІСІНЕ АЙНАЛҒАН РОБОТ, ЕЛ ҚОРҒАЙТЫН ҚАРУ, АҚПАРАТ АЛМАСУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ҒАЛАМТОР, ТАҒЫ БАСҚА СОНЫ ЖАҢАЛЫҚТАР ҒЫЛЫМНЫҢ ЖЕМІСІ ЕМЕЙ НЕМЕНЕ?! БҰЛАРДАН ПАЙДА ҺӘМ РАХАТ АЛАТЫНЫМЫЗ АНЫҚ. ОРЫС ҒҰЛАМАСЫ, ФИЛОСОФ ЛЕВ ТОЛСТОЙ АЙТПАҚШЫ, «ҒЫЛЫМНЫҢ ІСІ – АДАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ». СОЛ ӨМІРДІҢ РАХАТЫН КӨБІРЕК ТАТПАҚ ҮШІН, БЕРЕКЕЛІ ҒҰМЫРДЫ МАҚСАТ ЕТКЕН ЖАНДАР КОНФЕРЕНЦИЯ, СЕМИНАР, ЖИЙЛЫС, ҚҰРЫЛТАЙ ӨТКІЗІП, ЖИҒАН-ТЕРГЕН ТИЫН-ТЕБЕНІН ЖАРАТАДЫ-МЫС. ОНДАЙ БІЗДІҢ ҚАЗАҚТА ДА БАР. МҰНЫҢ БІР ҒАНА МЫСАЛЫ, 30 МАУСЫМ КҮНІ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ «АТАКЕНТ ЭКСПО» ОРТАЛЫҒЫНДА ӨТКЕН VI ИННОВАЦИЯЛЫҚ ФОРУМ.

Бұл пікірдің барлығы Smart city, яғни «Ақылды қала» тақырыбы аясында өрбиді. Ақылды қала не үшін қажет? Статистикаға сүйенсек, жақын арада ауыл тұрғындарына қарағанда, қалалықтардың саны күрт өседі. Жер бетінде өмір сүретін халықтың жартысы қалада өмір сүретін болады. «2050 жылға қарай адам саны 9 миллиардқа жетеді» деп болжанса, оның 70 пайызы қалада тұратыны анықталды. Қаладағы халық санының есебі жарты миллионнан кем болмайды. 2025 жыл қарсаңында әлем қалаларының дамуы жарты миллионнан кем түспейтін халық күшіне байланысты болады. 2025 жылы жердегі халықтың 10 пайызы қалаға қарай ығысады. «2025 жылға қарай әлемде тағы 29 мегаполис пайда болады» деп болжануда және оның бесеуі — Қытайдың еншісінде. Қаладағы ресурстар сарқылады, оларға деген қажеттілік күрт өседі.

«Ақылды қала» тұрғызудың алғашқы бастамасы мыналар: бірінші көшелердегі «ақылды жарық». Бұл жарық кем дегенде бес жыл көлемінде экономикаға операциялық және тікелей 50 пайыз пайда келтіреді. Екінші «ақылды кокыс жәшігі». Жәшік шығынның көлемін 40-80 пайыз арасында төмендетеді. Үшінші «ақылды автотұрақтар». Автотұрақтар да іске қосылғаннан кейін кемі екі жылдан соң

секілді бағдарламалармен жұмыс жасаймыз. Үшінші этап робототехника. Заманға сай құрал-жабдықтармен робот құрастырылады. Дайын роботқа бағдарлама жазылады. Өйткені робот роботқа бір қызмет атқаруы тиіс. Соңғы күрделі бөлім 3Д модельдеуге кіріспес бұрын арнайы бағдарламаларды кодтауды үйретеміз. Ол бағдарламаларды меңгергеннен кейін ғана 3Д модельдеу басталады. Жалпы жұмыс барысы осылай. Шеврон және Америка елшілігімен серіктеспіз».

STEM секілді түрлі жобалар форумға атсалысты. Олардың бірнешеуіне тоқтала кетейік:

MITWORK — Еуразиялық электрондық порталы қағазсыз сауда жасаудың толық циклін өткізетін электронды сервисті қамтамасыз ететін көпшілікке қолжетімді ақпараттық жүйе. ЕЭП инновациялар, орта және шағын бизнес, ЕЭО-тың шегіндегі интеграциянды үрдіс пен табиғатты қорғау арасында байланыс қалыптастырады.

RELOG — бұл қала ішіндегі тасымалдау мен жеткізуді оңтайландыру мақсатында құнды IT өнімдерін жасау. Бірегей алгоритмнің көмегімен қала картасы бойынша жүк

ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІНДЕ ЖАНҒАН СӘУЛЕ



айтумен шешілмейді. Тұрғындар жиналым кооператив құрып, «үйіне және ауласына» деген жауапкершілікті мойнына алуы тиіс. Мемлекетке бар жұмысты жүктеп қою «алма піс аузыма түсе» деумен бірдей. Дегенмен, әкімдік те қол қусырып қарап отырған жоқ. Үйлердің сапасын, қызметін реттеу үшін билік жүйе жасап қатыр. Бақылау күшейтіледі, қаржылық есеп жасалады.

Бізге тұрғын үй қатынастары туралы заңнан өтіншіс беріледі. Біздің ойымызша, осы мәселе реттелсе, қалалықтардың белсенділігі артады. Алматы тұрғындары өте белсенді. Алматы халық қызмет түрін тұтыну тұрғысынан лидерлер қатарында. Ақпараттық қызметі қолданушылардың қатарында қалалықтар әр төртінші адам қатарына кіреді. Сондықтан, біздің мегаполисте ТШБ (КСК) порталы іске қосылды. Бұл портал жалпы интеграция және мәліметтер базасына оңай өтеді. Аталмыш

емес. Осындай ақылды сөздермен қала тұрғындарын шошытып аламыз. Мұндай сөзді естіген тұрғындар, өзінен шығын шығады деп ойлап, сол бағыға таз қалпына түседі. Smart city дегеніміз — бұл шағын инновациялық тәжірибелердің жиынтығы. Мен бүгін бірнеше идея ұсындым. Қаланың қауіпсіздігі жайлы ол ой аяқ астынан пайда болды. Кез келген жерде бейнекамералар орнатқан дұрыс. Алматыны мұндай видеоқұрылғымен жабдықтап, ең қауіпсіз қала деуге болады. Бірақ кейбір жерлерде мысалы, Алашау, Наурызбай секілді аудандарда мәселе жоқ емес, бар. Сол үшін біз тұрғындарға түсіндіру жұмысын жүргізіп жатырмыз. Қазір бейнекамера орнату аса қымбат емес. Яғни оны басқа форматта да орнатуға болады. Бұл жерде ең алдымен әкімдік жұмысты жүйелеуі керек. Қаланың барлық бейне-

Мұны шешудің де жолы көп әрі күрделі. Соның бірі — арнайы құрылғылар орнату. Менің ойымша, ол құрылғыны заңды түрде қондыруды бастау керек. Сол кезде бұл мәселе онлайн түрде де экологтарға да жеңіл болады. Үшінші қолға алынуы тиіс мәселе ол ішкі өнім. Барлығына мәлім Алматы туризм орталығы. Ал туризмді дамыту тек биліктің қолындағы шаруа емес. Тұрғындар да мәдени түрде өзін жетілдіруі керек. Келген туриске көмек қолын созса игі. Мысалы, Италия, Түркияға барғанда сенің турист екеніңді білген жергілікті тұрғын көмектесуге әзір тұрады. Ішкен асын жерге қойып, туриске қайда бару керек, не істеу қажет барлығын байыппен түсіндіріп береді. Тек қауіпсіздік тұрғысынан ғана емес, ақылды қала жасаудың бірден-бір жолы бұл тұрғын мәдениетін де дамыту. Сонда ғана ақылды қала жасап қана қоймай, туризмнің де өркендеуіне үлес қосамыз».

Бағдат Мусин тек бұл ойымен шектелмей



Бостонның өрт гидранттарымен мәселені қалай шешкендігін мысалға келтіре отырып, дәл сол озық тәжірибені елімізде орнатуды ұсынды. «Бостонда өрт гидранттарын қар басып қалады. Сол тұста билік мәселені шешудің жолын таппай дел-сал күйге түседі. Бірақ бұл тығырықтан шығар жолды бір жас бала табады. Ол бір мобильді бағдарлама жасайды. Яғни сен өрт гидрантын аласың, суретке түсіріп оны меншіктейсің. Оның айналасын қардан өзін тазартасың. Тұрғындар бұл мәселенің шешімін табуда айтарлықтай көмектескен. Тіпті Бостонда тұрғындардың жәрдеміне мұқтаж осындай мәселелер бар. Мұны жүзеге асырсақ, бізде де бірталай жұмыс жүйеленер еді», — деді ол.

Сондай-ақ «Қазпошта»-ның ішіндегі шапыранқылықты қалай ретке келтіргендігін мысалға келтіріп, қатысушыларға егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

шығын көлемі 20-30 пайызға азаяды. Төртінші «ақылды ғимарат». Ол алты айдың ішінде инвестицияны ақтайды деп жоспарланып отыр. Соңғы бөлімі «ақылды су қоры». Бұл су қоры арқылы таза ауыз суды тұтынуды 40 пайыз үнемдей аламыз.

Әлемде «Ақылды қаланы» тұрғызу жөнінен алғашқы үштікке Сингапур, Дубай және Амстердам қалалары сай деп табылды. Транспорттың дамуы тұрғысында алдыңғы қатарда Лондон, Шанхай, Мәскеу, Нью-Йорк, Канзас қалалары. Ең қауіпсіз қала тізімінде Нью-Йорк, Сингапур, Йокогама, Чикаго. Денсаулық сақтау саласында үздік қалалар Сингапур, Мәскеу, Лидс болса, білім беру жөнінен Бостон, Сеул, Сингапур қалалары дес бермей келеді.

Жыл сайын жалғасын тауып келе жатқан форумға шетелдік мамандардың да қатысуы маңызды. Ғылымда жан-жақты тәжірибе арқылы ғана алға жылжи аламыз. «Менің ойымша, мұның барлығы сайып келгенде, қаладағы өмірді жеңілдетеді. Шығынды азайтып, қаланың тиімді тұрғыда дамуын жолға қояды», — деді Грузиядан келген сарапшы Ираклий Кашибадзе.

Жиынның «Өнімдер» деп аталатын төртінші бөлімінде түрлі жана жобаның таныстырылымы болды. Форум көрмесінде өз өнімдерін

тасымалдауды жеңіл етеді. Жүйеде диспетчер қызметі үшін интерфейс және курьер үшін мобильді қосымша бар.



Smart Eco Electronics — қаланың ауасын түрлі зиянды қалдықтар, азот, көміртегі және күкірт қосындылары, бірқатар канцерогендер, микроорганизмдер, бактериялар және вирустардан тазартады.

Documentolog — электронды құжат айналымының ақылды жүйесі. Бұл бизнес-шешімдерді құруға арналған тұңғыш отандық платформа. Documentolog электронды құжат айналым жүйесі барлық қызмет ұйымдары үшін кез келген бизнес-үдерістерді автоматтандыруға мүмкіндік береді.

P.S.

Бұл жобалардың барлығы форумда таныстырылмай отықпай идеялардың жүзеге бірі ғана. Сатып алған теледидардың үйіңе жеткенше, ескіріп қалатын бұл заманда күн сайын элемент әр бұрышынан таңғаларлық идеялар бой көрсетуде. Барлығы біреуі сүттен ақ, судан таза болмаса да, біздің мақсатымыз — сол идеяларды оқып, тоқып, үйреніп жақсысын жүзеге асыру.





www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

SERPIN

Сапар

Жалпы, «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының қатысуымен 2010 жылдан бері 21 жоба мәреге жеткізілді және жалпы құны 323 млн доллар болатын 15 жоба жүзеге асырылуда. Бұл — экономикалық дамудың мемлекет тарапынан лайықты қолдауға ие болған бағдарламасының оң нәтижесі. Демек, жергілікті атқарушы билік осы орайда жоспарланған шараларды алдағы уақытта да жалғастырмақ.

Индустриалдық бағдарламасы аясында өткен жылы облыста жалпы құны 2,8 млрд теңгелік жеті жоба аяқталды. Тығыздауыш тығын, кабель мен электр қалқанын, электротехникалық жабдықты шығару өндірісін ұйымдастыру, оптикалық кабель дайындайтын зауыттың қуатын арттыру, болт құрастыру және нан зауыттарының пайдалануға берілуі аймақ экономикасына тын серпін берді. Мәселен, бұған дейін аймақ энергетиктері қажетті құралын сырттан тасымалдайтын. Бұл өнімнің өзіндік құнының жоғарылығына, соның салдарынан тұтынушыға ұсынар коммуналдық қызметтің қымбаттығына соқтыратын. Енді, жаңа жабдықты жергілікті кәсіпорын да шығара алады.

Сонымен қатар оптикалық кабель дайындайтын зауыттың жұмысы байланысшылардың да қажетін алыстан



іргелі жобаларға шетелдіктермен иық тіресе еңбек етуіне мүмкіндік мол.

Жергілікті атқарушы биліктің бастамасымен қолға алынған фармацевтикалық зауыт — аймақта бұрын-соңды болмаған өндіріс ошағы. Ол қатарға қосылғанда атыраулықтар дәрі-дәрмек іздеп алысқа шабылмайды. Оның үстіне, сыртат жандарға қолжетімді бағасына қажетін іргеден табуға мүмкіндік туады.

Балық шаруашылығын одан әрі дамытуда оның шабақтарын тоғандарда өсірудің маңызы зор. Бұл іс біраз жылдан бері айтылып жүргенімен, қолға мықтап алынбаған-ды. Енді жергілікті атқарушы билік оған аса мән беріп отыр. Әсіресе, бекіре тектес бағалы балықты қолдан өсіру оның санының артуына септігін тигізеді.

Еліміз бойынша мұнайлы мекен, шын мәнінде, инвестициялық тартымды аймақ саналады. Көмірсутегі қорының молдығы, оны бірлесіп игеруге шетелдік компаниялардың қызығушылық танытуы, сайып келгенде, өндірісті өңірдің мүмкіндігін одан әрі аша түседі.

өңдеу жобасы аяқталмақ. Сонда қазақстандықтар еуропалық жоғары стандарттарға сай келетін жанармаймен жеткілікті қамтамасыз етілмек. Міне, бүгінде жүздеген атыраулық осындағы құрылыс жұмыстарына тартылған.

Ал Теңіз кенішінде ұңғы аузындағы қысымды күшейтуге бағытталған жобаның басталуы кен орнының қуатын еселеп арттырады. Бүгінде мұнда бастапқы дайындық жұмыстары жүруде, келешек ірі өндіріс ошағының орны даярлануда, жұмысшылар үшін тұтас қалашық салынууда. Ал жобаның шырқау шегінде 16 мыңға жуық маман қызметпен қамтамасыз етілмек. Оған бірнеше отандық және шетелдік мердігер мекемелер тартылмақ. Міне, облыстық әкімдік осы жұмыстарға алдымен, жергілікті жұртты тартуды мақсат тұтып отыр.

Жалпы, өткен жылдың қорытындысымен облыста өнеркәсіптік өнім көлемі 4,4 трлн теңгені болды. Бұл жалпы республикалық көлемнің төрттен бірін құрайды. Ілгері жылдармен салыстырғанда, едәуір өсім байқалады. Жоғарыда айтқанымыздай, Қашаған кенішінен өнім өндіріле бастады. Қазір бастапқы үш миллион тонна мұнай алынды. Теңіз кен орнын кеңейту жобасы мәреге жеткенде, мұнай өндіру көлемін жылына 27 млн тоннадан 39 миллионға артады. Өңірдің өндірістік қуаты мұнымен ғана шектеліп қалмайды.

Атырау облысы бірнеше жыл бойы Қазақстан бойынша инвестиция тарту жөнінен көшбасшы саналады. Мәселен, 2016 жылдың қорытындысымен инвестиция көлемі 2 трлн теңгеден асты. Соның жартысынан көбі — сыртқы инвестиция. Елбасының барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдеріне беріп отырған тапсырмасы да осы емес пе? Сөйтіп, өндірістік өнім көлемі 4,4 трлн теңгеден асып түсті. Бұл еліміз бойынша рекордты көрсеткіш саналады.

Облыс активінің кезекті жиналысында аймақ басшысы Нұрлан Ноғаев «Атырау халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы тарапынан жолаушылар мен жүктер терминалының құрылысына



іздемей, іргеден табуына он әсер етті. Мұндағы өнімдердің сапалылығын соншалық, кең сұранысқа ие болуда. Сондықтан, оның қуатын одан әрі арттыру мәселесі туындады.

Сондай-ақ қарапайым болт құрастыру зауытының қатарға қосылуы оған деген сұранысты да осында-ақ шешуге мүмкіндік берді. Әсіресе, мұнара мен ірі қондырғыларды құрастыру саласына аса қажетті босалқы бөлшекті жергілікті кәсіпорын менгеріп кетті.

Ақырында, «Дәулет нан» зауытының өнімі алғашқы күндерден-ақ атыраулықтардың көңілінен шықты. Оның үстіне, нан өнімдерін шығаратын наубайхана санының артуы ішкі нарықта бәсекелестік туғызып, түпкі өнім бағасының қолжетімді болуына он әсер етті.

Үстіміздегі жылы жалпы құны 11,8 млрд теңгелік төрт жобаны қатарға қосу жоспарланған. Яғни роботты пісіру тәсілін қолдану арқылы металл конструкциясы өндірісін ұйымдастыру, фармацевтикалық зауыт, балық шаруашылығы (сальковский) өндірісін және макарон өнімдерін өндіру зауытын іске қосу жоспарланған. Бұл жобалардың бәрі де аса маңызды.

Мәселен, роботты пісіру тәсілін менгеру әлемдік озық технологияға жол ашады. Қазір мұнай және газ өнеркәсібі мамандарын тереңдете даярлау орталығында осы мамандық иелерін дайындау басталып та кетті. Жастарға отандық және шетелдік компанияларда толымды тәжірибе жинақтаған жандар дәріс беруде. Болашақ мамандар оқу процесін өндірістік тәжірибемен ұштастырады. Ол үшін жақсы жабдықталған зертхана бар. Демек, оқу орнын тәмамдағандар кәсіпорын табалдырығын дайын маман ретінде атайды. Оның өңірдегі



Сонымен қатар макарон өнімдерін шығаратын зауыттың пайдалануға берілуі атыраулықтардың оған деген сұранысын қанағаттандырмақшы. Қазір бұл өнім мұнайлы мекенге негізінен ар жағындағы Ресейдің Астрахан қаласынан жеткізіледі. Ал «ісдегінің кілті — көкте» дегенді, көршілеріміз оның бағасын қалауынша қояды. Оған қол шығыны қосылғанда күнделікті тұтынатын өнім құны аспандап шыға келеді. Жаңа өндіріс ошағы осы проблеманы он шешуге көмектессек.

Сонымен қатар облыста жалпы құны 14 трлн теңгеден аса 20 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылуы күтілуде. Бұл жобалардың бірқатарына шетелдік инвестиция тартылған. Бұған дейін Теңіз кенішіндегі, Солтүстік Каспий жобасындағы және Атырау мұнай өңдеу зауытындағы ірі жобаларға белсене қатысқан жергілікті жұмысшылар толымды тәжірибе жинақтап үлгерген. Олар өңірдегі қандай істі де атқарып кете алады. Бүгінде Батыс Ескене мұнай мен газды кешенді даярлау қондырғысындағы құрастыру жұмыстары аяқталған. Қашағаннан өнім алу қуаты артып келеді. Үш миллион тонна «қара алтын» тұтынушыға жөнелтілді. Демек, осында еңбек еткен мамандар босады. Міне, атқарушы билік тың жобаларды қолға алу арқылы соларды жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етпек. Жоғарыда айтқан жиырма мың жұмыс орнының ашылуы — осындай игіліктің нәтижесі.

Бүгінде Атырау мұнай өңдеу зауытында хош иісті көмірсутегін алу жобасы мәреге жетті. Бензол мен параксилолдың алғашқы партиялары тұтынушыға жөнелтілді. Жыл соңында ішкі мұнайды тереңдете

техникалық-экономикалық негіздеме жасақталып, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынғанын хабарлады. Демек, мұнайлы мекенде тағы бір ірі құрылыс басталмақшы. Бүгінде әуежайдың сағатына 350 жолаушыға ғана қызмет көрсететін мүмкіндігі бар. Мұндай ахуал халықаралық рейстер талабын қанағаттандырмайды. Ал жаңа жоба әуежай қуатын сағатына 500 жолаушыға дейін көтермек. Демек, 2020 жылға қарай жолаушыларды әуе көлігімен тасымалдауды сегіз пайызға арттыру жоспарланып отыр.

Стратегиялық маңызы бар Ақтөбе-Атырау-Астрахан тасжолын жаңғырту да — аймақтағы ауқымды шаралардың бірі. Бүгінде оның 432 шақырымы мүлдем жарамсыз. Жалпы, оның ұзындығы 893 шақырым десек, соның 552 шақырымы біздің облыс территориясымен өтеді. Қазір 250 км жолдың жобалау-сметалық құжаты дайын, өзгесі кейін жасалмақ. Міне, бұл да — өңірдегі қомақты инвестиция тартатын іргелі іс.

Жалпы, аймақ басшысының айтуынша, өткен жылы облыста шикізатты емес, өнімдердің көлемі 60,4 млн долларды құрады. Бұл — экспорттың жалпы көлемінің 0,5 пайызы. Жергілікті атқарушы билік оны әлі де көтеру жолдарын іздегірүде. Биылдың өзінде Атырауда инвестициялық форумдар өтіп, аймақ экономикасына шетелдік компанияны көбірек тарту жолы қарастырылды.

Міне, қысқаша қайырғанда, облыстағы индустриялық-инвестициялық ахуал осындай. Жалпы, жыл санап өндіріс қуатын арттырып отырған өңірде бұрын-соңды болмаған тың кәсіпорындар пайда болуда. Олардың әрқайсысы жеке-жеке баяндауға лайық. Бұл жөнінде газетіміздің алдағы сандарында айтылады.

Инвестиция

Атыраудың түнгі келбетін тамашалап көрдіңіз бе? Құс қанаты талатын биіктен ұшақпен ұшып келе жатып, төменге көз жүгірттіңіз бе? Әрине, көк жүзіндегі жұлдыздармен таласа самааладай жарқыраған шамды қызықтап, туған қалаңыздың өсем көрінісіне көңіліңіз толған болар. Міне, бұл — жергілікті энергетиктердің ерен еңбегі. Солар жүзеге асырып жатқан инвестициялық бағдарламаның жемісі, жаңа жабдықтың сенімді қызметінің нәтижесі. Ол аймақтағы индустриалдық жобаларымен де сәйкес келеді.

ЖАРЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖАБДЫҚТАЛДЫ



Атыраулық энергетиктер жылу-электр орталығының қуатын кезекті арттыруға Елбасының өзі келіп қатысып, «сәт сапар» тілеген сәтті ұмытқан жоқ. Ол кәсіпорын тарихында алтын әріптермен жазылды. Мемлекет басшысы мәреге сәтті жеткізілген жоба маңызын жоғары бағалап, оңды шаруаға разылық танытқан. Жалпы, әр аймақтың энергетикалық қуаты тәуелсіз болуы — оның одан әрі дамуының кепілі. Демек, электр немесе жылу энергиясының сырттан тасымалдамай, осы жерден-ақ өндіру мүмкіндігі туады.

Осы өндіріс ошағының қызметіне облыс әкімі Нұрлан Ноғаев та жоғары баға берді. Кәсіпорынды аралаған аймақ басшысы өңірдің энергетикалық қуаттарға сұранысы жыл санап артып келе жатқандығын айтқан. Расында да, Атырауда тың өндіріс ошақтары, мәдени-тұрмыстық нысан көптеп қатарға қосылууда. Жаңа көпқабатты тұрғын үй салынууда. Солардың бәрі де жарық пен жылуды қажет етеді. Ендеше, өсіп отырған қажеттілікті өтеу керек емес пе? Бұдан жеті-сегіз жыл бұрын бірде жанып, бірде өшіп, жұрттың мазасын алған электр жарығы бүгінде тұрақтанды.

Бүгінде облыстағы өзекті мәселе — сонау Азғыр аумағындағы жұртқа жергілікті электр қуатын жеткізу. Мұны облыстық әкімдікте өткен алқалы басқосуда аймақ басшысы Нұрлан Ноғаев та айтқан. Расында да, сан жылдар бойы жарылыстан көз ашпаған азғырлықтар кешегі кеңестік жүйеден қалған мұра ретінде электр энергиясын әлі күнге арғы жағындағы Ресейден алады. Шекараның түбіндегі ауылдарға оның жақын екенін жоққа шығармаймыз. Бірақ көршілер ұсынар қызмет бағасын өзінше ойнатып, бергі беттегі тұрғындарға тізе батырып та қояды. Міне, осы мәселе көптен бері атыраулық басшыларды толғандырып жүрген. Сол қазір мықтап қолға алынды. Оның оң шешімін табуына жергілікті энергетиктер де үлес қоспақ.

Оның үстіне, энергетиктердің тұтынушыларға ұсынар негізгі жаңалығы — электр энергиясын есептеуді бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің жұмыс жасай бастауы. Ол елімізде өндірілген немесе бұрынғы жүйемен шетелдерден қабылданған және желілер арқылы тұтынушыға таратылған электр энергиясы көлемінің нақтылығын анықтайды. Бұл ретте тәуелсіздік, аймақтық және басқа да тарифтер есепке алынады. Сөйтіп, энергетиктер тауарын ұсыну жеделдігіне, мекеме бойынша шығынды азайтуға, тұтынушымен есеп айырысуды автоматтандыруға қол жеткізді. Міне, осы озық саналатын жабдықты орнатып, оны іске қосуға 231 млн 495 мың теңге жұмсалыпты.

Әсіресе, «Аспан» аталатын қонфунциялық есеп құралының қолданылуы қызық. Бір фазалы мұндай жабдық жеке тұтынушыларға арналған. Әзірге оның үш мыңы қондырылыпты. Ал бұл жабдықтың тиімділігі неде?

Алдымен, енді бұрынғыдай электр энергиясының жұмсалуды тексерушілер әр айда



есік қағып, есептеу құралының көрсеткішін жазып жүрмейді. Барлық мәлімет автоматты түрде орталық басқару пультіне түседі. Одан әрі, электр монтерлері де төлемін төлемегендердің үйлерін жағалап, жарық желісін кеспейді. Мұны да автоматты түрде қапшықтан жүзеге асыруға болады.

Рас, кәсіпорын басшылығының айтуынша, жаңа жабдықты орнату үшін желілердің жақсы жүргізілуі шарт. Энергетиктер оны бастапқыда ескі үйлерге орнатып көрген екен, айтарлықтай нәтиже бермеді. Содан кейінгі жылдары салынған көппетерлі үйлерді қамтыпты. Егер «Атырау-Жарықтың» 80 мыңнан аса абоненті бар екендігін ескерсек, бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасады.

Облыс орталығының іргесіндегі Водников елді мекенінде тұрғызылған №8 «АБЗ» аталатын қосалқы подстансада тұрмыз. Атырау қалалық электр желілері кәсіпорны бас инженерінің

орынбасары Алтынбек Құлмағамбетов қарсы алды. Оның айтуынша, сонау 1976 жылы пайдалануға берілген бұл подстанса былтыр толығымен қайта жаңартылыпты. Әрі трансформатор қуаты алты мегавольтамперден елуге дейін арттырылған. Яғни тура он есе өсім бар. Бұл Водников, Курилькино, Құрсай, Ширина секілді елді мекендердің сұранысын толық қамтамасыз етеді. Қазір мұнда жаппай жеке үйлер салынып жатқандығын, олар ар жағындағы бекіре өсіру зауытына дейін созылуы ықтимал екендігін ескерсек, келешекке де жеткілікті қор жинақталған. Ең бастысы — бұрынғы жылдары үйлеріндегі тұрмыстық құралдарын ток көзіне қоса алмайтын тұрғындар бүгінде электр энергиясын қажетінше пайдаланып отыр.

Аталмыш подстанса жан-жағынан биік дуалмен қоршалған. Тіпті дабыл қакқыш та орнатылған. Кәсіпорын басшылығының айтуынша, мұндай сактық шарасы бәзбіреулердің түрлі-түсті металл бұйымдарына деген қызығушылығын, қымбат аппараттарды қолды етуді тоқтату үшін істелген. Жанынан түнтілгендер анау жоғары кернеулі токқа да қарамастан, қалайша ұрлық жасайтындығына таң қалдық.

Сонғы жылдары дәл осындай төрт подстанса тұрғызылыпты. Осы объектілерді салу барысында тұтынушылар электр желісін ажыратылмай, ешкімге зиян келтірілмеген. Сол шараларға өткен жылы 493 млн теңге жұмсалыпты.

Атырау жылу-электр орталығы жыл санап өндірістік қуатын арттырып келеді. Жаңа бу қазандары орнатылып, тың техникалар пайдалануға берілуде. Бұл да — осында жүзеге асырылып жатқан инвестициялық бағдарлама жемісі. Ендеше, сол қуаттарды тұтынушыға жеткізуге де дайын болу керек емес пе?

Міне, облыс орталығындағы 5,7 шақырымдық 110 киловольттық желі осы мақсатта жаңартылды. Оның ток өткізгіш қимасы да бұрынғы 95-тен 240 миллиметрге дейін кеңейтілді. Демек, бүгінде жылу-электр орталығында шығарылатын қуат тұтынушыға тасымалдануға дайын.

Сонымен қатар алты подстанса толығымен жаңартылып, мүмкіндігі көбейтілген. Соның нәтижесінде «Вокзал маңы», «Бірінші учаске», «Маслопром» және «Абай алаңы» ықшамаудандары тәрізді келешекте өнеркәсіп және тұрғын үй нысандары көптеп тұрғызулы ықтимал орындардың электр энергиясымен қамтылуы, қазір-ақ қамтамасыз етілді. Осы шараларды жүзеге асыруға 745 млн 366 мың теңге жұмсалды.

Энергетиктер тілінде реактивті қуатты компенсациялау дегеніміз — кернеуді реттеу және электр энергиясы шығынын азайту мақсатында тарату желілеріндегі баланса мақсатты түрде өсер ету. Яғни еш нәрсе де ретсіз жұмсалмауы тиын. Осы орайда алынған жаңа аппараттар кәсіпорын қызметінің тиімділігін одан әрі арттыра түсті.

Тиімділік демекші, облыстық табиғи монополияларды реттеу департаменті мамандарының айтуынша, «Атырау-Жарық» акционерлік қоғамы 2009 жылдан бері нормадан тыс шығынсыз жұмыс жасап келеді. Кезінде бәзбіреулер коммуналдық қызмет көрсетуші кәсіпорындар мұндай шығындарды тарифке қосып, тұтынушы есебінен өтеп жүргендігін айтатын. Алайда бұл — түбірімен қате түсінік. Нормадан тыс шығындар — монополия мекеменің қызметіне залал келтіретін өз ысырабы. Одан кәсіпорын зардап шегеді. Соның салдарынан түсетін табыс кемиді, өндіріс одан әрі өркендемейді, әлеуметтік мәселелер шешілмейді.

Атыраулық энергетиктердің алға қойып отырған ендігі мақсаты — нормативті шығындарды да барынша азайту. Әрине, оны мүлдем жою мүмкін емес. Өйткені, электр энергиясын қашыққа тасымалдағанда оның бір бөлігі қайткенде де шығынға ұшырайды. Бірақ бұрынғыдан азайтуға болады. Ол үшін тың техникалар мен жаңа жабдықтар алынуы керек. Міне, «Атырау-Жарық» акционерлік қоғамы қабылданған инвестициялық бағдарлама осы проблеманы шешуге де жұмылдырылған.

Кәсіпорын өткен жылы бірнеше қуатты арнайы көліктер сатып алды. Қазір олар тек облыс орталығының ғана емес, аудандардың да қажетін өтеп жүр. «Атырау-Жарық» мекемесі басшылығы әзіл-шұны аралас бұрын көшеде тозығы жеткен көліктері кетіп бара жатқанда ұялғанынан теріс айналатындығын айтып қалды. Енді ине-жіптен жаңа шыққандай жарқыраған техникалар көз қуантады.

...Ал «Атырау-Жарық» АҚ-ның инвестициялық бағдарлама аясында орнатып жатқан жаңа жабдық — келешекте электр қуатының сенімді таралуының кепілі.

Бетті дайындаған
Мендібай СҮМЕСІНОВ,
Атырау облысы

1967 жылдың көкек айы-ау деймін. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында жауапты хатшының орынбасары кезім. Жауапты хатшы — Ізаған. Ақын Ізтай Мәмбетов. Күнде жұмысқа сағат онда келетін Ізаған ойда жокта кешікті. Сағат 11 болып қалды. Редактордың қабылдау бөлмесіндегі хатшы Рая апай кіріп келді де, Ізағанның бос үстелін негімен мезгеп: — Ізтай қайда? — деді маған. — Өлі келген жоқ, — дедім. — Ендеше Нығметке сен жүр, шақырып отыр, — деп Рая апай шығып кетті.



Бас редакторымыз Нығмет Ғабдуллиннің бөлмесіне кірсем... Бауыржан Момышұлы! Дәл өзі!.. Нығанның үстелінің алдыңғы жағындағы қысқа үстелшенін он қапталындағы креслода тіп-тік отыр! Тірі Баукенді алғаш рет көрім. Атағы аспандап тұрған қаһарман ағаны ойда-жоқта ұшыратқаным маған оңай тимеді. Қалайла біртүрлі сасынқырап қалдым да, редакторға қарап баяу сөйлеп отырған Баукенге ақырын жақындай бастадым. Бір сәт ол маған жалт қарады — түйіліңкі қабақ астынан қыран көзі жалт етті. «Мінезі шөлкес, оғар деуші елі, рас екен ғой!» — деген ой миымның қаптарын қақырата орғып-орғып кеткендей күй кешіп үлгердім. Бірақ сескеніңкірегенімді сездірмеуге тырысып, ақырын жылжыған қалпымда қарсы алдына барып, оң қолымды жүрек тұсыма басып:

— Ассалаумағалейкүм! — дедім. Баукен көзін қадаған күйінде оң қолын самай тұсына қанжарша қалт көтеріп: — Приветствую Вас! — деді де, «қанжар» қолын редактордың үстеліне «құлата» салып, Нығана шапшаң қарап: — Бұл жігітін кім? — деді, жекігенге бергіз дауыспен.

Редакторға қарасам, ол, неге екенін қайдан білейін, жымын-жымын етеді. — Бауке, бұл жігітіміз — Сіздің мына әңгіменізді машинкадан шыққан соң оқып, мәкетке салатын қызметкеріміз. Кабышев Ғаббас деген інініз, — деді Ныған, алдында жатқан бес-алты парақты жиыстырып, маған ұсына бере. Баукен орнынан шапшаң тұрды да, Нығана түксіе қарап, қоюлау мұртын оң қолының сүк саусағымен бір-екі түртіп:

— Это — усь! С ними шутки плохи! — деп, сонсоң маған ажырау қарап: — Бара бергін! — деді қатқыл үнмен.

Мен ләм деместен есікке беттелім. Сол әредікте редактордың: — Вас понял, товарищ полковник! — деген ойнақылау үнді жауабын естідім. — Гвардии полковник! — деп Баукен санқ етті.

— Вас понял, товарищ гвардии полковник! — деді Ныған, неге екені белгісіз, еркеленген дауыспен.

— Жүдә дұрыс болды, — деген Баукен күркірей күлді. «Шынында қызық кісі екен-ау!» — деп мен де күліп, әрине, іштей күліп, шығып кеттім.

1978 жылдың жазы. КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директоры кезім. Түскі үзілістен келіп жайлана бергенім сол еді, телефоным шылдыр етті. Тұтқасын көтердім. Арғы жақтаң: — Директор жолаласын ба? — деген нығыз дауыс естілді. Баукеннің дауысы! — Ассалаумағалейкүм! — дедім, елп етіп. — Уағалейкүмиссалам! Қарағым, маған «Алатау» санаторийіне ертеңгі числодан екі путевка керек, жегенге екеуімізге. Мақұл ма? — Қазір іздестірем, сонсоң өзім хабарласамын, — дедім. Кеміне бір апта бұрын тапсырыс бермейінше қолға түспейтін жолдаманы жөпелдеседе табу қайда, бірақ «солдай» деп қарсыласар қауқарым болмады. — Рахмет! До свидания! — деп доғара салды Баукен.

Ардақты ағамен сонау алғашқы жүзесуден беріде бірнеше рет кездескенмін. Кездесудің себепшісі өзім болмасам да, басқа қаламдас үлкен-кішімен бас қосуларына қатысып, әңгімелерін тыңдағанмын, табақтас та болғанмын.

Баукеннің тапсырмасын орындауға кірістім. Министрлер кеңесінің құзырындағы 4-Бас басқарманың төрағасы Петр Романович Чекуровка телефон соқтым. Өзімдізге: «Алматы», «Алатау», «Окжетпес», өзге жақтағы: «Ессентуки», «Кисловодск» және басқа санаторийлерге жолдама беретін сол Бас басқарма елі. Біз жазушыларға қажет жолдамаларды бір ай шамасы бұрын

жазбаша тапсырыс жасап, содан алатынбыз. Баукен болса, «ертеңгі числодан» деп дығыртып қойды. «Күні бұрын айтпадыңыз» деп Баукенге наразылық білдіруге дөт жоқ. Чекуров та қиналып: «Ах, Бауыржан, Бауыржан... жолдама аяқастынан табыла ма?» — деп сұрағын «құшақтап» отырып қалды. Баукенді сыйлайтынын түсіндім. Әйтілі Бас басқарманың төрағасы әрі денсаулық сақтау министрінің орынбасары болу аз мәртебе ме, «жок!» деп қитыға салу сөз бе оған. Ондай морттау мінезін бұрын бірер көргенмін. Басқа жазушыларға жолдама керек боп қалғанда.

— Петр Романович, сәлден соң хабарласайын ба? — деп тақымдалым. — Біреу де табылмайтын шығар, бәрі де бөлініп қойылған! — деп ол да кірісті тулауға.

— Кім біледі, табылып қалар, — деймін. — «Кім біледі». Мен білемін! Бөлетін — мен! — дейді.

— Басқа жазушыға бұйытып сұрамас та едім, Бауыржан Момышұлы ғой, — деймін. Баукеннен артық кімін бар дегенді меңзеп.

— Ертең сағат онда хабарласыңыз, — деді ол. «Ертең»?!.

Ертеңінде жұмысқа жеткенше мазасыздандым. Жолдама бола қалса, әрине, онда құдайдың бергені, ал болмай қалса — мені құдайдың «ұрғаны». Баукенге мен не деймін. Баукен маған не дейді?.. Мәшинеден түсе бере:

— Тірлі етпей отыр, қазір не ұл табамыз, не қыз табамыз, — дедім шофер жігітке. Ол ештеңе түсінбей, бағжылып қала берді.

Сағат онға бес минут қалғанда Чекуровка телефон соқтым. Құдай беріп, «ұл таптық!».

— Бауыржанның жолы болды, жолдаманы келіп алыңыздар, — деді Чекуров, көңілді үнмен.

жіберді. Қалт тоқтадым. Екі жолдама екі жерде шашылып жатты.

— Мне твои эти путевки не нужны! — деп Баукен зірк етті. Дәл ондай қылықты күтпегенім шығар, қаным бүрк-сарқ кайнап жөнелген сияқты бір түсініксіз жәйтке тап болдым. Менін де аздаған «жын-шайтаным» бар еді, соларым жинала қалды. Екі жолдаманы төртке бөліп, шығып кете бергім келді. Бірақ, әжем айтатындай, оң иығымдағы періште: «сабыр сакта», деп сыбырлады маған. Жолдамаларды жинап алып, Баукенге барлай қаралым.

— Я хочу в санаторий «Алма-Ата», а не в «Алатау», понятно?! — деді Баукен, жүзін Қалаубекке бұрып әкетіп. Калекен әлдебір қағазына үніліп, үнсіз отыр.

— Бауке-ау, «Алатауға» керек деген өзіңіз ғой, кеше ғана? — дедім.

— Ол — кеше! Вчера! Ал бүгін — это сегодня! Нам надо в «Алма-Ата», в двухместный номер-люкс, понятно?! — деді Баукен, маған желкесін бере терезе жакка бұрылып. Қалтасынан «Беломор» темекі қорабын алды. Неге екенін білмеймін, «бұл кісіге құндыз бөрік пен шапан жарасады екен» деп ойлағаным. Бұрын әскери кнймен немесе жәй ғана костюммен жүргенін көргенмін. Бөрік пен жеңіл шапан кигенін көрмегенмін.

— Чекуровка тағы да құда түсетін болдым, — деп күңкілдеп, есікке қарай аяңдалым.

— Сөйлесіп көр, мүмкін тауып берер, — деді Қалаубек.

— Мен Чекуров-мекуровты білмеймін, и знать не хочу! — деді Баукен, отырысын бұзбай....

Ал Чекуров қойнына шок түсіп кеткендей бақылдады. Оның хәлін түсіндім. Егер оның орнында өзім болсам, жата қалып жер тепкілер едім. Алдын ала сұрайтын жолдаманы дәл керек күні тауып бер деу, тауып бергенінді енді дереу басқа жакка айырбастап бер деп талап ету сұмдық қой! «Жок!» деп телефон тұтқасын тастай

ПОРТРЕТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



— Часовой емесің, сорайма, еңкей, маңдайыңды әкелгің! — деді, көзін енді жорта алартып, жұмсақ үнмен. Баукен өзі де бойшан еді ғой, мен сәл ғана иілдім. Баукен мандайымнан ақырын сүйді де:

— Отырғын, — деді. Өзі қарсыдағы диванға жайғасты. Менін көзіме марқұм әкем елестеп, кенсірігім аши қалды.

Баукен бөлмеді жайлап шолып алды да:

— Ұзындығы бес метр, көлденені үш метр кабинет, да? Қуықтай дейді



Суреттің иегері: Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

Мың жыл мүсесіңе қызыға қарадым

ЕСТЕЛІК

Әдеби қордың бас бухгалтері Фарида Әбдірахманқызы Миникеева ол жолдамаларды сатып алып келуге 4-Бас басқармаға жөнелді...

Кос жолдама қолыма тиген соң шоктықтанып, Баукеннің тапсырмасын орындағанымна масаттануып (өйпегенде ше?!), Баукеннің үйіне дереу телефон шалдым. Жауап қатқан әйел: «Ол кісілер ертең кешке келеді, Талғар жакка қонаққа кеткен», — деді. «Ертеңгі числодан» деген адамның қыдырып кете барғанына іштей тандансам да, әлгі әйелге мән-жайды айтып, жолдамаларды шофердан беріп жібердім.

Ертеңінде түске жақын мені Қалаубек телефонмен шақырды. Қалаубек Тұрсынқұлов. Әрі Жазушылар одағы басқармасының үшінші хатшысы, әрі Әдеби қор басқармасының төрағасы — менің ақылшым, қамқоршым. Калекеннің бөлмесіне кіріп барсам — үстелін шынтақтап Баукен отыр. Жүзі жарқын адам емесің бе, тым-тым көңілдене түсіп:

— Ассалаумағалейкүм! Тапсырманызды орындадым, жолдамаларды беріп жібергенмін! — дедім, аяғымды жебей баса жақындап. Баукен маған жалт қарады. Өні сүп-суық екен. Шапанының қойын қалтасынан екі жолдаманы алды да, маған қарай лақтырып кеп

салса, Чекуровты шауып алар кім бар?

Петр Романович біраз тулап-тулап, ақырында сабасына түсіңкіреп:

— Қазір бөлімдермен хабарласамын, тұтқаны қоймай тоса тұрыңыз. Ах, Бауыржан Момышұлы! Ах, гвардии полковник! Кырсықсын-ау, кырсықсын! — деп Баукенді сырттай жазғырды да, ішкі телефонмен бөлімдеріне сұрау сала бастады. Сөйлескені маған еміс-еміс естіледі. «Құдай-ау, табылса екен!» деген тілеумен іштен тынып отырмын. Әлдезаманда Чекуров:

— Ах, Бауыржан, Бауыржан! Жолы болғыш-ақ, табылды, табылды, бір министр алған жолдамаларын жана ғана әкеліп тапсырыпты, бара алмайтын болыпты, соны алыңыздар, — деп күрсініп салды.

— Рахмет, Петр Романович, көп жасаңыз! — дедім, шыға алмай тұрған есігім кенет айқара ашылғандай қуанып.

— Сіздерлің «арқаларыңызда» көп жасамау мүмкін емес, — деп іліп түсті.


— Ертең де хабарласып қалуым мүмкін, — дедім, ұпайымды түгендеп.

— Құдай сақтасын! — деп күлді ол.

— Әумин! — дедім. Сол әредікте есігім ашылып, Баукен кіре берді, бунақталған сарықурен таяғын тоқылдапты. Орнынан ұшып тұрып:

— Бауке, жоғары... — дегенімше ол:

— Молчать! — деді. Иегін көтеріңкіреп, көзін сығырайтынқырай қарап, қасыма келді. Жүзі жылпыты. «Есть молчать!» деп іштей жауаптасып, қалдып тұра қалғанмын. Баукен төс түйістерердей тақалып тоқтады да:



мұндайды. Директорға жараспайды! — деп маған көз тастады.

— Бауке, «байға тай мінсе де жарасады» демей ме?

— Дұрыс. Қарағым, мен сені шаршаттым білем. Ренжіме. Солай болды. Енді путевканы қашан берсең де — еркін. Берген күнінен барамыз. Но только в «Алма-Ата!».

— Путевкаларыңыз дайын, қазір алдырамын, «Алматыға», номер-люкс! — деп қуана баяндалым.

Баукен орнынан тұрды да: — Молодец! — деп оң қолын сәл көтере қанжарша қаздытты да, есікке беттеді. Шығарып салуға ұмтылып едім, бұрылмастан:

— Ты на рабочем месте. До свидания! — деп кете барды. Мен бөрік-шапанды мығым мүсініне қызыға қарап қала бердім...

...Баукен көз жұмған күні Қалаубектің айтуымен барып, Министрлер кеңесінің шаруашылық басқармасы қоймасынан табытты тастайтын қызыл пүліш, көмкеретін қара барқыт алдым. Оларды Ташкент көпесіндегі тұрмыстық комбинатқа апардым да, табытты тыстатып, көмкеріп, мошинеге салып алып, Баукеннің үйіне жеткіздім. Көңілім құлазып, көзіме жас іркіле берген сол сәттерім әлі есімде.

Кейін, Баукен тұрған үйдің сыртқы қабырғасына орнатылар ескерткіш тақта

жасалып жатқанын естіп, шеберханаға барғанымызда іштей қатты бір қынжылғанымды да ұмытқан жоқпын. Баукеннің мөрмөр тақтаға көшірлер портреті маған ұнамады. Аузы ағаның ұлы — Бақытжан інім екеуіміз барғанбыз:

— Бақытжан-ау, қайдағы бір солғын суретін беріпсіңдер ғой? Халқымыз білетін Баукеннің батыр бейнесі жоқ қой мына суретте? Өзі жорта ажырайып айтатын «гвардии полковник Бауыржан Момышұлының» портреті қайда? — дедім.

— Жас шешейдің өзі ғана біліп бергені осы болыпты. Бізбен ақылдасқан жоқ, қайтейік, — деді.

...Қаһарман Бауке! Халқың сені: «Батырмы!» — деді. Халық бағасы — ең жоғары, қасиетті баға! Халқың сені мәпеледі, сен халқыңа еркелетің. Мінез-құлқыңдағы өзін көрген, тіпті естіген «кедір-бұдырдың» бәрі — сенің сол еркелігіңнің елес-көріністері. Ешбір оғаштығы жоқ болатын. «Бар еді» десе, ол — байғы алыпқашты бос сөз.

Иә, Баукенді кейбір қазекендер кемсітіп отырады: — Әй, ол оғар, ашушаң, дәрекі еді, — дейді. Ондайын кезінде көріп-біліп, көзіне айтқанына қасында куәсі болса — бір сәрі, ал марқұмның сонынан, пәлен жылдан кейін өйтіп «сипаттау» — мұсылманшылыққа жат ғайбатқұмарлық. Ал, тіпті сондай қылығына куә бола қалған күннің өзінде оның сонда нәліктен ашу шақырғанын, сол жерде нақты кінәлі кім болғанын ар-ұятына жүгіне адал айтуын қажет емес пе? Жок, өйтпейміз. Білгішсіңіз бағамыз.

Баукенмен төрт мәрте әңгімелестім. «Басы қатты, аяғы тәтті» анау жағдайдан кейін *(бірақ оларды жазғым жоқ; «ойдан шығарғаны» дегендей қаңқу сөзді естігім келмейді)*. Батыр ағамыздың жаратылысын түсіндім деп білем. Ол адами адалдықты, әділдікті ту етегін. Жөнсіздікке, жалғандыққа, екіжүзділікке төзбейтін.

«Отан үшін отқа түс, күймейсің!» — легенді Баукен әлдекімше алыстан айтқан жоқ, өзі сол отқа сан түскен, күймей шыққан шын мәніндегі Жауынгер, Қаһарман болды. Ол соғыс жылдарында, өмір мен өлім шайқасы сәттерінде жоғары әскери лауазымды кейбіреулердің көлгірлік, әділетсіздік, екіжүзділік, шенқұмар арсыздық істегендерін көрді, көріп қана қоймай, оларға сол сәтте ашық қарсы тұрды. Шенқұмар әскери шенеуніктер сол үшін кектеніп, Баукеннің батырлық ғажап ерліктерін, қолбасшыға тән тапқырлықтарын әдейі елемеді, бағаламады. Кеңес Одағының Батыры атағына әлденеше рет әділ ұсынылса да, бергізбей қойды. Баукен туралы әдеби қос кітап жазған Әзілхан Нұршайықов, әскери-ғылыми көптеген еңбек жазған полковник Ким Серікбаев *(кейбір кертартпа қызылқөздердің кесірінен жиырма шақты жыл полковник шенінде жүріп, зейнетке шыққан шын мәніндегі, білімдар қайраткер)* және басқалардың ақпарларына құлақ ассаң, мысалы, Кеңес Одағының маршалдары И.Конең, А.Л.Гречко сөйткен. Баукен оны білді, көрді, ширықты, шамырқанды. Өлбетте, атақты көксегендіктен өйткен жоқ, Отан тағдыры неғайбыл күндердің өзінде адамгершіліктің аяқасты етілгеніне күйінді.

Әділетсіздікке тап бола бере кімнің болсын мінез-құлқына кері әсер етеді, жүйкесін шабақтайды. Яғни, меніңше, соғыстан соңғы Бауыржан соғысқа дейінгі Бауыржанның басқашалау болса *(әлбетте, «басқа» емес, «басқашалау»)*, оны айыбы деп айдар тақтау керек, уақыттың, отқа ораған ортаның тері әсері деу керек. Мен білген Баукен дойыр, дәрекі болған жоқ, адамгершілікке, қазақы ар-намысқа қереғар қылық атаулыға төзбес тікканжар мінезін таза сактап өтті...

Данқы сонау Кубаға да жетіп, А.Бектін «Волокалам тасқолын» оқыған Филель Кастронның арнайы шақыруымен барып, атақты Азаттық аралында жиырма күн құрметті мейман болған Бауыржан Момышұлына Совет Одағының Батыры атағын бергізу жөніндегі ұсыныс, талап-тілек аз айтылған да жоқ, аз жазылған да жоқ. Және адамдардың хаттары болсын, тұтас ұжымдардың қаулы-сұраулары болсын — Қазақстан Компартиясы мен үкіметінің атына пәлен жүздеп жеткені мәлім. Бірақ соның ешқайсысы еленген емес. Оның себебін мен білмеймін. Менін білетімін, Баукенге Батыр атағын өперуге Д.Қонаевтың құлықсыз болғаны. Ол кісі жазба естелігінде өзінің ұсынысын Мәскеу, яғни бүкіл биліктің иесі болған СОКП Орталық комитетінің Саяси бюросы қолдамалы дегенді айтқан көрінеді. Онысына сенбеймін. Сол тұстағы Саяси бюро мүшелерінің естеліктерінен мәлім болып отырғандай, Саяси бюро Л.Брежневтің ұсыныған шықпаған. Д.Қонаевқа үшінші Алтын жұлдызды беруді Саяси бюро мүшелерінің көпшілігі құптамай, Ленин орденін ұнғарса да, Брежнев ертеңінде үшінші мәрте Социалистік Еңбек Ері атағы беріліс деген жарлығын шығара салған. Бұл — екеуінің Қазақстаннан басталған көп жылғы достықтарының көрінісі. Сондай патша досы Бауыржан Момышұлыға Батыр атағын беру туралы ұсынысын қолдата алмады дегенге сенбеймін. Кейін білгенімдей, Мәскеуге ешқандай ұсыныс бармаған *(Қонаевтың Баукенге неге тарығаны туралы әртүрлі сөз бар, солардың бірі Баукеннің қарулас, қаламдас досы болған Дмитрий Снегиннен естідім, бірақ қайтамағым жоқ)*. Ал Брежневтік құрамы өзгермеген Саяси бюро президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тілегін қабыл етіп, марқұм Баукенге Совет Одағының Батыры атағын берді ғой?!

Сөз ретіне орай айта отырайын: Талғат Бигелдіновке де, Баукенге де «Қазақстанның Халық қаһарманы» атағы қалайда берілмеді. Көп жылғы міңсіз еңбегімен жұртқа мәлім әскери ғалым, тәуелсіз Қазақстанның әскери доктринасының негізгі авторы полковник Ким Серікбаевқа да генерал атағы берілмеді.

...Көзі тірісінде Аңыз Аламы айнаған Баукенге Отанының, Халқының қалтқысыз құрметінен артық марапат керек болған емес!

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

Серпін

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов «KAZAKH INVEST» ҰҚ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Біржан Қанешевпен кездесті. Онда аталған компанияның қызметі таныстырылып, өңірлік директорлар кеңесінің жергілікті атқарушы органдармен өзара қарым-қатынас жүйесі сөз болды.

ИНВЕСТИОР ҮШІН ТАРТЫМДЫ

Алдымен өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысы таныстырылып, инвестиция тарту бағытында жүзеге асырылып жатқан жұмыс жайында баяндалды. Осыған байланысты Амандық Ғаббасұлы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы мен «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы базасында, өңірге қарасты аудан, қалаларда құрылған индустриялды аймақтар мен өнеркәсіп алаңдарында инвестициялық жобаларды орналастыру мүмкіндігі жайлы егжей-тегжейлі айтып берді. А.Баталов «Облыс – белсенді түрде дамып келе жатқан аймақтың бірі. Табиғи-климаттық жағдайы да ерекше. Инвестициялық жағынан да тартымды. Инвесторларды тарту бағытында көптеген жұмыс жүргізіліп, оларға жағдай жасалуда. Инвестиция



есебінен бюджет көлемі де артып келеді. Инвесторлар бірнеше өндірістік орындар

Айта кетейік, «KAZAKH INVEST» ҰҚ» АҚ мемлекет басшысының

бірлесе жұмыс істеп, оңды нәтижеге қол жеткізетіндеріне сенім білдірді.

танымал «Маревен Фул Тянь-Шань» ЖШС, «ЛУКОЙЛ Лубрикантс Орталық Азия» ЖШС, Nemish Pharma ЖШС, «Бауман» ЖШС, Farm Frites ЖШС сияқты ірі трансұлттық компаниялардың қатысуымен жүзеге асырылатын тоғыз жоба бар. Жиын соңында Амандық Ғаббасұлы облыстың «KAZAKH INVEST» ҰҚ» АҚ өкілдеріне барынша көмек көрсететінін айта отырып, инвестиция тарту бағытында

Қант қызылшасы

Естеріңізге сала кетейік, Елбасының алдыңғы жылы Алматы облысына келген іссапарында қант қызылшасын қайта түлету жөнінде берген тапсырмасын жетісулық диқандар іліп әкетіп, еңбек өнімділігін арттыруға айтарлықтай ықпал етті. Жүктелген міндетті жүзеге асыру үшін облыс әкімі Амандық Баталов жыл сайын қант қызылшасының егіс көлемін ұлғайтып, одан мол өнім алуға негіз қалауға тырысты. Жоғары жетістікке қол жеткізуге үкімет тарапынан да барынша қолдау көрсетіліп, демеуқаржы уақытылы берілгенін де айта кеткен жөн. Ал өңірде өнген тәтті түбірді өңдеп, қант алуда «Көксу қант зауыты» ұжымының барынша белсенділік танытқаны анық.

Статистикаға жүгінсек, «Көксу қант зауыты» облыс тұрғындары бір жылда тұтынатын қанттың 22 пайызын өндіреді. Зауыт 2015 жылы 120 мың тонна қант қызылшасын өңдеп, 12 мың тонна қант алса, 2016 жылы шикізат көлемін 220 мың тоннаға жеткізіп, 25 мың тонна қант алуды межелеп отыр. Қант зауыты жылына бюджетке 17 миллион теңге салық төлеумен қатар қант өңдеу маусымы басталғанда 500-ге жуық адамды жұмыспен қамтып, ай сайын 60-90 мың теңге көлемінде жалақы төлейді. Осылай әлеуметтің әлеуетін арттырып келеді.

Биылғы меже, тіпті ауқымды. Сондықтан облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров «Көксу қант зауыты» ЖШС-не барып, онда жүріп жатқан күрделі жөндеу

Германия, Украина, Ресей, тағы да басқа елдерден алынған заманауи жабдықтармен ауыстырылады. Сонымен қатар қант қызылшасы төгілетін аяңның тең жартысын биыл цементпен катырып, жаңарту жұмыстары да қоса атқарылуда. Қант қызылшасын қабылдау қондырғылары Германияда шығарылған қуаттылығы жоғары екі құрылғымен толықпақ.

— Зауыт жылына 220 мың тонна қант қызылшасын қабылдауға қауқарлы. Бүгінге дейін қолда бар техникамен шикізаттан 12 пайыз таза өнім алып келдік. Ал жаңартылған құрылғылар өнімнің сапасын арттырып, еңбек күшін үнемдеу, қант қызылшасын қабылдау мүмкіндігін арттырады. Яғни алдағы уақытта жаңа құрылғылардың көмегімен қант

ЖАҢАРҒАН ТЕХНИКАМЕН



жұмысымен танысты. Әкім орынбасарын Көксу ауданының әкімі Алмас Әділ мен «Көксу қант зауыты» ЖШС-нің директоры Әділбек Абазов өндіріс орнындағы соңғы жаңалықтан хабарлар етіп, алдағы жұмыс жоспарын таныстырды.

Естеріңізге сала кетсек, өткен жылы облыста 6 мың гектардан астам жерге қант қызылшасы себіліп, жоспардағыдай өнім алынды. Алайда өнімді қабылдау барысында біраз қиыншылықтың болғаны рас. Осы кемшілікті болдырмау үшін аталған зауыт биыл 1 млрд теңге көлемінде инвестиция тартып, зауыт құрылғыларын жаңартып, жұмыс ауқымын кеңейтумен қатар өнім сапасын арттыруды қолға алды. Осындай еңбектің нәтижесінде зауыттағы құрылғылар 100 пайызға жаңартылып, қазір алдағы қант қызылшасын қабылдау науқанына 50 пайызға дайын.

«Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Әділбек Абазовтың айтуынша, бүгінде зауыттың күрделі жөндеу жұмыстарына 200-ге тарта адам жұмылдырылған. Бұрынғы Кеңес олағы кезіндегі көнерген құрылғы Швейцария,

қызылшасының әр тоннасынан 13-14 пайыз таза өнім алуға қол жеткізетін боламыз, — дейді зауыт директоры.

Біз зауыт аумағында жүріп жатқан қызу жұмысты әкім орынбасарымен бірге көріп, жоғарыда айтылған жайларға қанықтық. Зауыт ауласындағы шетелден әкелінген жаңа құрылғылардың жұмысымен де таныстық.

Шараның соңында журналистердің сұрағына жауап берген Серікжан Ісәмұлы: — Өңірімізде жыл сайын қант қызылшасын өсіруге деген ынта артып келеді. Биыл «Көксу қант зауыты» ЖШС 220 мың тонна, «Ақсу қант зауыты» ЖШС 100 мың тоннадан астам қант қызылшасын қабылдайды деп жоспарлануда. Демек, биыл 36 мың тоннадан астам таза қант аламыз деген ойламыз» деді. Сондай-ақ биылғы өзгерістерге орай зауыт сатып алған қант қызылшасының құнын өзі төлесе, демеуқаржы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы арқылы төленеді. Демек, шаруалардың жыл бойы төккен терінің ақысын артығымен алуға бар мүмкіндік жасалуда.

Кездесу

Кездесу барысында «ТА-ЭТК» АҚ мен «Жетысу Энерготрейд» ЖШС көрсететін қызмет сапасын арттыру, шешімін таппай жүрген

«Жарық» бастауыш партия ұйымының қолдауымен «ТАЭТК» АҚ мен «Жетысу Энерготрейд» ЖШС «Нұр Отан» партиясы, шағын және орта бизнес өкілдері, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мамандары, тұтынушылар және тұрғындардың қатысуымен Талдықорған өңірінің барлық ауданында кездесу өткізді.

ТАРИФ ҚЫМБАТТАСА...

мәселені анықтау, оның түйінін таркату, тікелей көмек көрсету, тарифтердің қалыптасуы сияқты мәселе бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ көбіне түнгі тарифтің бағасы, оның жыл сайын өсуі, көп қабатты тұрғын үйлердегі электр құрылғылары істен шықса, оның жөндеуі, үй салу үшін алған жер теліміне электр желісін тарту сияқты сауалдар аясында тұтынушылар тарапынан көптеген сұрақ қойылып, ұсыныс-тілек жеткізілді.

Қойылған сұрақтарға аталған акционерлік қоғам мен

серіктестік қызметкерлері жауап беріп, жан-жақты түсіндірді. Сонымен бірге өткен жылы атқарылған және биылға жоспарланған жұмыс саралан-ды.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС, Алматы облысы

Қазақстанда жасалған

Жеке кәсіпкер Дулат Шаловтың кірпіш шығарумен шұғылдана бастағанына он жылдан асты. Басында бұрын пайдалануда болған кірпішті сатумен айналысқан Дулат кейін Еркін ауылының маңындағы Ескелді ауданына қарасты аумақтан 5 гектар жерді ұзақмерзімді жалға алып, шағын кірпіш шығаратын цех ашты.

Басында ол шағын станок сатып алып, Дағыстан тәсілі бойынша кірпішті ашық аспан астында күйдіріп, далада кептіріп, қол күшін көп қажет ететін және сапасы да талапқа сай келе бермейтін кірпіш шығара бастады. «Ізденген жетер мұратқа» дегендей, ұдайы ізденісте талмай талаптанып жүріп, өндірісін жетілдіре түсті. Бүгінгі таңда

бір жолы 130 мың кірпіш шығаруға қабілетті аумағы атшантырым арнайы күйдіру пеші бар кірпіш зауыты осылай қалыптасты. Дулат өзінің жасап жатқан тірлігі жайында:

— Біздің кірпіштің бағасы да сырттан алып келгенге карағанда, анағұрлым арзан түседі. Әр кірпіш мөлшеріне қарай 25-28 теңге шамасында. Сондықтан қала тұрғындары мен құрылыс ұйымдары «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» дегендей, іргеле тұрған зауыттың өнімін алуды қалайтыны белгілі. Соған байланысты құрылыс жұмысы қызған тұста кірпішке сұраныс артып кетеді. Демек, өнімділікті ұлғайту мәселесі өзінен-өзі туындағаны даусыз. Мен осы мақсатпен Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Ескелді аудандық филиалына барып, ақыл-кеңес сұрап, құжатымды әзірлеуге көмектесуді өтіндім. Мұнда филиал директоры Әбен Тайжановтың тікелей басшылығымен білікті мамандар өндірісті өрге бастыруға негізделген бизнес-жоспарымды, бұдан да басқа қажетті құжатымды сауатты да шынайы етіп

тегін даярлап берді. Оны Алматы облысының әкімдігі қолдап, «Даму» қорының көмегімен банктен бес жылға 6,5 пайыздық өсіммен 25 млн теңге жеңілдетілген несие алуыма көп үлесін қосты, — деді ол.

Жалпы, Елбасымыздың ауыл азаматтарының өз кәсібін ашып, нәсіп етуіне қолайлы жағдай жасау жайында ұдайы айтып жүргені аян. Еңлеше, қазір ерінбей өзінің ісін ашам дегенге жол ашық. Жоғарыда айтып кеткендей, Дулат несиеге алған қаржының 8 миллион 500 мың теңгесіне Иранда жасалған лайды сығымдап, кірпіш қалпына келтіріп шығаратын заманауи станок сатып алды. Ол тәулігіне 10 мың кірпішті сығымдап, қалыптауға қабілетті. Аталған станоктың тағы бір артықшылығы — автоматты түрде кірпіштің мөлшерін өзгерте алады. Осылайша стандартты кірпіштің қалыңдығын тұтынушылардың тапсырысы мен қалауынша өзгертуге қол жеткізді. Бұл жұмысшылардың қол еңбегін де қысқартып, жеңілдетті. Оның үстіне кірпіштің арнайы торкөздері салынынан құрылыстың сейсмикалық беріктігін күшейте түседі.

6 млн теңгеге топырақ тиегіш қуатты трактор сатып алса, қалғанына жалпы аумағы 250 шаршы метр цех салды.

Цехқа транспортер, араластырғыш, сығымдағыш қондырғылар орнатты. Сосын жұмысшылардың осы жерде алансыз жатып істеуіне жағдай жасап, 20 адамға лайықталған жатақхана тұрғызыпты. Ең бастысы, зауыт жұмысшыларының жақсы жұмыс жағдайын қамтамасыз етуге тырысқаны көрініп тұр. Қазір зауыт 35 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Дулат «Мен Елбасымыздың өз өнімімізді сапалы етіп көптеп шығару, соларды тұтыну сияқты бағалы бастамасы мен маңызды міндетін жүзеге асыруға аз да болса өз үлесімді қосып жүргенімді, шығарған кірпішімізге «Қазақстанда жасалған» деген таңба соғылғанын мақтан етемін. Мақсатым — келешекте өндірісті тек кеңейте түсу. Ендігі көздегенім — қырлы төсеніш тас пен қабырғаны қаптауға лайықталған кірпіш шығару, — деп өз ойын түйінделді.

Ерінбегеннің есебі түгел болатынына Дулаттың жұмысымен танысу барысында көз жеткізіп, көп жылғы жинақтаған тәжірибенді ел игілігіне жұмсай бер деген ниетімізді білдіріп қайттық.

жердің гектарынан 600 центнер өнім жинауда. Ал суармалы жер берекелілігін 800 центнерден асырды. Олардың осы тәжірибесін үйрену қазақстандық шаруалар үшін ауадай қажет.

Жетісу жұртының Беларусьтің ауыл шаруашылығы саласымен іскерлік қарым-қатынас орнатқанына үш жылдан асыпты. Мамандардан білгеніміздей, Беларусь жерінде билай жақсы өскенімен, одан алынған ұн нан пісіруге жарамайды екен. Бұл жағынан келгенде, қазақстандық бидай сорты беларусьтарға таптырмайтын байлық болуда. Сондай-ақ елде сынақтан өткен «Арна» атты арпа сорты мен алманын бірнеше сорты беларусь елінде сұранысқа ие. Беларусь Республикасының «Өсімдік сортын қорғау және сынау» мемлекеттік инспекциясының директоры Владимир Бейнянын айтуынша, беларусьтық мамандарды өлкемізде сынақтан өткен жана тұқым сорттары өнімділігінің жоғары болғаны қызықтырған. Жалпы, облысымыздағы қолданыста ауыл шаруашылық техникаларының дені Беларусь елінің өнімі. Тіпті қызылша себетін техникалардың бәрін сол елден алып келеміз. Мұндай алыс-беріс, ауыс-күйіс алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Ауыл шаруашылығы

Кейінгі жылдары Жетісу жерінде қант қызылшасын егуге деген ұмтылыс пен құлшыныс көбейіп отыр. Осыған орай, аталған сорт сынау орталығында «Ауантаж», «Роксана», «Крокодил», «Рис» сияқты гектарына 700 не 800 центнерден өнім беретін қант қызылшасының сорттары сынақтан өтуде. Бұлар шетелдік тәжірибенің өнімі сапалығанымен, қазірдің өзінде Жетісу өңіріне жерсіндіруге болатындығы белгілі болды. Осы орайда, аталған орталықта сыналған сорттар еліміздің әр түкпірінде егіліп, мол өнім беріп келе жатқанын қоса кету керек.

Егін шаруашылығындағы өнімділік ең алдымен жерге сіңіретін тұқым сорттына тікелей қатысты. Оған мысалды алыстан іздеудің керекі жоқ. Өткен жылы облысымызда қант қызылшасы мол себіліп, ел еңбегі еселенді. Алайда әр шаруашылықтың алған өнімі әртүрлі болды. Мысалы, «Хильниченко и К» шаруашылығы гектарына 730 центнерден өнім алса, өзгелер гектар берекелілігін 300 центнерден асыра алмады. Бұл жер емшегін емген диканның үмітін сортты тұқым ақтайтынын ұғындырды. Сондықтан биыл жетісулық диқандар қант қызылшасын өндірудегі әлеуеті жоғары беларустық тәжірибеге қызығушылық танытуда. Әлемдік ауыл шаруашылығы саласында беларусь елінің тәжірибесі озық, ықпалы көп. Әсіресе, ол елдің қант қызылшасын өсірудегі тәжірибесін әлем жұрты менгеруге құлшынып келеді. Мысалы, осыдан он жыл бұрын қант қызылшасы себілген суармалы жердің гектарынан 250 центнер өнім алатын беларусьтар бүгінгі таңда суарылмайтын

Бүгінгі таңда Жетісу жерінде 13 сорт сынау орталығы жұмыс істейді. Соның алтауы Талдықорған өңіріне шоғырланса, қалғаны Қарасай, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарында орналасқан. Ал Талдықорған сорт сынау орталығында қант қызылшасы, бидай, соя, жүгері, картоп, күнбағыс, тағы да басқа ауыл шаруашылық дақылдары сынақтан өтеді. Әсіресе, қант қызылшасы, майбұршақ, күнбағыс, жүгері, картоп, көпжылдық шөптерге басымдық беріледі.

СОРТТЫ СЫНАЙТЫН ЖЕР



Байқау

Алматы облысындағы І.Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында «Қазақстанның үздік тауары» атты көрме-байқауы аясында өңірлік тауар өндірушілердің форумы өтті. Оған жергілікті атқарушы және мемлекеттік мекеме, қаржы институтының, қоғамдық ұйымның өкілдері, қала тұрғындары мен қонақтары шақырылды. Олар, ең алдымен, мәдениет сарайының дәлізіне қойылған отандық тауар өндірушілердің өнімі жинақталған көрменен танысып, одан кейін салтанатты жиында бас қосты. Жиналыста облыс әкімі Амандық Баталов баяндама жасап, өңірдегі кәсіпкерлік саласының дамуы мен өркендеуіне қатысты ой бөлісті.

жалғасып, «Өндірістік максаттағы үздік тауарлар», «Халық тұтынатын үздік тауарлар», «Үздік азық-түлік тауарлары» және «Үздік қызмет көрсеткен кәсіпорын» сияқты төрт номинация бойынша өз жүлдегерін анықтады. Сарапшылық кеңесі қатысушыларды сапа жүйесі, менеджмент, басқару тиімділігі және басқа талап бойынша бағалапты.

Сарапшылардың қорытындысы бойынша «Өндірістік максаттағы үздік тауарлар» аталымы

Алматы құс фабрикасы» ЖШС, үшінші орынды Талғар ауданындағы GLASMAN ЖШС қанжығасына байлады. Сонымен қатар биылдан басталған «Үздік қызмет көрсеткен кәсіпорын» номинациясы бойынша бірінші орынды Талдықорған қаласындағы «Жетісу жұлдызы» ЖШС, екінші орынды Панфилов ауданындағы «Ирада-балық» ЖШС, үшінші орынды Талдықорғандағы INTELLECTY білім беру орталығы иеленді. Барлық жеңімпаздар ақшалай сыйлық және естелік бұйымдармен марапатталды. Оны кәсіпорын жетекшілеріне облыс әкімі Амандық Баталов пен облыстық кәсіпкерлік палатасы өңірлік кеңесінің төрайымы, «Алматы бояулары» ЖШС-нің директоры Римма Салыкова табыс етті.

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Облыс әкімінің айтуынша, Жетісу өлкесі кәсіпкерліктің жан-жақты дамуына табиғи жағдай, географиялық орналасуымен де зор мүмкіндік беретін өңір. Облыс аграрлы аймақ саналғанымен, кейінгі жылдары бизнес саласы қарқынды дамып келеді. Бүгінде 700-ден астам кәсіпорын 30 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтылула. Олар өткен жылы 650 млрд теңгенің өнімін өндіріп, облыс экономикасының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосты. Сол қатарда әлемдік бренд тауар өндіретін «Фуд мастер», «Данон Беркут», «Кока-Кола Боттлерс», «РДжи Брендс Қазақстан», «Суфле Қазақстан» сияқты іргелі кәсіпорындар да бар. Сондай-ақ облысымызда 40-тан астам кәсіпорын өнімін экспортқа шығаруға қауқарлы.

Республикалық байқауларда топ жарып жүрген кәсіпорындардың саны да артып келеді. Айта берсек, бұдан өзге де жетістігі жетіп-артылады.

Облыс әкімінен кейін мінбеге көтерілген облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шынғысбаева мен Apple world ЖШС-нің директоры Даурен Әлібеков мұндай игіліктің артуына, білік пен бизнес арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнауының сеп болғанын айтты.

Тағы бір жағынан, облысымызда кәсіпорындарды ынталандыру мақсатында «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік байқауы үзбей өткізіліп келеді. Ондағы мақсат – өңірлік тауар өндірушілерге қолдау көрсетумен қатар тұрғындарды ынталандыру арқылы бизнес саласын жандандыруға мүмкіндік жасау. Аталған байқау биыл да сәтті



бойынша бірінші орынды Панфилов ауданындағы «Жаркент крахмал зауыты» ЖШС, екінші орынды Қапшағайдағы «Полимерметалл» ЖШС, үшінші орынды Жамбыл ауданындағы PLAST Invest Production ЖШС жеңіп алды. «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша бірінші орынды Алакөл ауданындағы «Лепсі өнімдері» ЖШС, екінші орынды Іле ауданындағы «Шин Лайн» ЖШС, үшінші орынды Еңбекшіқазақ ауданындағы Apple world ЖШС иеленді. Ал «Халық тұтынатын үздік тауарлар» номинациясы бойынша бірінші орынды Іле ауданындағы «Абди Ибрахим Глобал фарм» ЖШС, екінші орынды Жамбыл ауданындағы «Сұңқар»

Байқауға қатысушылардың көңілі ток. Биыл бірінші рет қатысып, жүлдегер атанғандар да жетерлік. Сол қатардан көрінген «Лепсі өнімдері» ЖШС директоры Фархат Әбузаров «Басшылық атынан осы байқауды ұйымдастырушыларға алғыс айтып, барлық кәсіпкерлерге сәттілік пен жақсылық тілеймін. Осындай байқаулар облыстағы кәсіпкерліктің дамуына септігін тигізеді», — делі ағынан жарылып.

Қалай айтсақ та, байқау әділ әрі тартысты өтті. Енді облыстық байқаудың жеңімпаздары республикалық деңгейде өтетін байқауға қатысып, өңіріміздің тауар өндірудегі әлеуетін танытатын болады.

Отандық сусын

Халқымызда «Көп естігеннен бір көрген артық» деген қанатты сөз бар. Содан кейін де Алматы облысындағы Жетіжал ауылында түйе өсіріп, Балпық би кентінен шұбатхана ашып, шаруасын шалқытып отырған «Мейрамбек» шаруа қожалығының жұмысымен танысуы мақсат етіп жолға шықтық.

Ең алдымен, бізге Мейрамбектің кішіпейілдігі, қарапайымдығы жақсы әсер етті. Себебі шағын және орта кәсіпкерлік саласында біраз жетістікке жетіп, көпшіліктің құрметіне іліккенімен, басынан өткен қиындықтарды айтқанда, олжаның да оңай-оспақ қолға ілікпейтініне көз жеткізесін. Басында «шұбат болсын» деп 1-2 сауын түйе ұстағаны, кейіннен атакәсіп жолына түскені, Жетіжал ауылынан түйе бағатын жер алып, өркешті жануарды өсіріп, еңбегін еселей түскені кім-кімге болса да үлгі боларлық.

Түйе әдетте бір және екі өркешті болып бөлінеді. Бір өркешті түрі негізінен араб тұқымдас, екі өркешті түрі «Бактуриен және дромедар» деп аталады. Бір өркештісі — араб елдерінде, екі өркештісі — Астраханьда, Калмак Республикасында және Қытайдың батыс аймағында көп өсіріледі. Ал Мейрамбек бір өркешті түйе өсіруді мақсат етіп алыпты. Себебі бұл түрдегі түйе шөп таламайды, өзге мал жемейтін шенгел, бұталарды, ақ тікенекті азық ете береді. Құмдауыт жерде өсетін жынғыл мен сексеуілді, сортаң да құрғақ жердегі тікенек шөптерді де жейді. Оған әуе айналып жерге түсетін 40 градус ыстық тұқ емес, 40 градустық аяз да қалтыратып, тондырмайды. Жайылып, өз жемін өзі тауып жеп жүре береді. Дауыл, боранды күндері де ықтасын



ҰҚСАТА БІЛГЕН ҰТАДЫ



әлдеқайда көп әрі сапалы да жылы, жұмсақ. «Ата-бабаларымыз түйе жүнінен шекпен тоқып киген. Киіз үйдің кергелерін түйе жүнімен көктеген. Қымыз құятын сабаны түйенің мойын терісінен жасаған. Түйе сүтінен май шайқап, айран ұйытуға да болады. Құрт, ірімшік те жасайды. Бәрі де дәмді, адам ағзасына таптырмайтын азық. Алайда біз қазір тұтынушыларға шұбаттың өзін жеткізе алмаймыз. Сұраныс көп. Тіпті саумал мен шұбатты емдеу

орындарының өзі арнайы тапсырыспен алып жатады. Екі-үш күн бұрын берілген тапсырыстың өзін уақытында қамдай алмай жатқанымыз бар. Бағасы да қалыпты. Литрін 600 теңгеден саудалап келеміз, — дейді Мейрамбек Отарбай.

Түйе өсіру атакәсіп әрі күнделікті нәсіп. Жас жігіт кәсібін дөңгелетугемен қатар, он шақты адамға тұрақты жұмыс беріп, напакасын айырып келеді.

Түйеші Айтнұр Үсейінбекұлы «Әдетте, бір өркешті түйе жуас келеді. Оны кез келген адам еркін сауа береді. Інгендер өз иесін жақсы таниды. Сауыншыларды боталары да біледі. Інгендерді сауатын кезде боталарды қораға қамап, бөлектеудің қажеті жоқ. Күніне 3 уақыт сауылатын 30 түйені екі адам сауып үлгереміз», — дейді.

Жас кәсіпкердің игі бастамасының өміршеңдігін таныған аудан әкімшілігі мен кәсіпкерлікті қолдау орталықтары оған қолдан келер көмектен аянып қалмапты. Нәтижесінде, Жетіжал ауылынан шаруа қожалығын құруға ыңғайлы жер телімі мен түйе өсіруге 500, оның азығын дайындауға 15 гектар суармалы жер беріпті. Ал Балпық би кентіндегі орталық саябақтың маңынан, кәсіпке ыңғайлы жерден шұбатхана ашып, тіршілік жасауға жеткілікті орын беріпті. Шұбатхананың бар тіршілігі зайыбы Нәзигүл Мақайқызының мойнында. Қазір осы жерге киіз үй тігіп, шұбатпен қоса, түрлі ұлттық тағамдар сатып, жұмысын жүргізіп отыр. Күн өткен сайын оның өніміне сұраныс артула. Кәсіпкердің осындай талпынысына жұрт дән риза.

Өңір

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Кәсіп

Нан – тамақ өнімдерінің ішіндегі ең төресі. Оған деген сұраныс әрдайым жоғары. Қазір жер-жерлерде кішігірім наубайхана ашып, аталған саланы жандандыруға үлес қосып жүрген кәсіпкер көптеп саналады. Жыл өткен сайын осы салада жұмыс істейтін іргелі кәсіпорындар да көбейіп келеді. Сол қатарда «ТалСайЕт» ауылдық тұтыну кооперативінің орны ерекше. Алматы облысы Талдықорған қаласының шет жағында орналасқан сырт көзге қарапайым ғана көрінетін кәсіпорынның ішіне кірсең қайнаған тіршілікке жолығасың. Иісі аңқыған тәтті тоқаштың әр түрі көздің жауын алып, еріксіз тәбетіңді ашады. Бұрындары ет комбинаты болған ғимаратта орналасқан аталмыш өндіріс орнында 2002 жылдан бастап шұжық өнімдері шығарылса, кейін мал соятын орынға айналып, біраз жұмыс атқарған. Қазір нан өнімдерін шығаратын іргелі кешенге айналып отыр.

Біз аталған ауылдық тұтыну кооперативінің ішкі мүмкіндігімен танысқаннан, кейін оның бүгінгі тыныс-тіршілігінің ойлағанымыздан да басқаша екенін түсіне бастадық. Мұнда Түркия, Германия, Ресей сынды шетелден алынған қазіргі заманға сай нан пісіруге арналған жабдықтар орнатылған. Нан өнімінің сапасын үнемі қадағалап отыру мақсатында арнайы зертхана да жұмыс істейді. Бұл істе де жауапты мамандардың атқаратын міндеті ерекше. Бүгінгі күндері экологиялық жағынан таза әрі сапалы нан өнімдерімен қала халқы және жақын өңірлердің тұрғындарының 65-70 пайызын және балалар үйі мен ауруханалар, мектеп интернаттары мен әскери бөлімдерді де қамтамасыз етеді. Мұның өзі үлкен жетістік.

бойынша бірінші дәрежелі дипломмен марапатталса, сол жылы «Алматы облысының үздік тауарлары мен көрсетілетін қызметтері» байқауында сапа көрсеткіштері үшін тағы да бірінші орынды жеңіп алады. Ал 2007 жылы «ТалСайЕт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аймақтық «Алтын сапа» байқауы көрмесінде сапа көрсеткіші бойынша бірінші орынды иеленсе, 2008 жылы осы байқауда тағы да екінші дәрежелі дипломмен марапатталды. Сондай-ақ Астана қаласындағы үшінші рет өткен республикалық «Қараөткел жәрменкесінде» де абыройға ие болып, екінші орынға қол жеткізіп қайтты. Жылдағы дәстүрге сай Алматы қаласы мен облыс орталығында өткізілетін күзгі ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесіне де белсене қатысып, шұжық пен тоқаштың небір дәмдісін

келісімді бағамен жұртқа ұсынады. Қайырымдылық акцияға да үнемі қатысып отырады. 2008 жылдың сәуір айында «ТалСайЕт» ауылдық тұтыну кооперативі Қазақстанның СТРН

НАН БОЛСА, ӘН ДЕ БОЛАДЫ

Айта кетерлігі, аталған өндіріс орны тұтынушы көңілінен шығатын, талапқа сай жоғары сапалы өнім өндірумен қатар еліміздегі нарықтық қатынаста бәсекеге қабілетті өнімдердің қатарынан көрініп, табысты еңбектенуді. Оның мәнісін кооператив басшысы Бейбітқазы Әмірхановтан сұрағанымызда:

— Елбасы елдегі кәсіпкерлік қызметтің дамуына қажетті жағдайлардың бәрін жасап келеді. Сондықтан біз де жергілікті жерлерде шағын және орта кәсіпкерлік саласында тер төгіп, жерлестерімізге, ауыл тұрғындарына жұмыс орнын тауып беріп, экономиканың өркендеуіне өз қал-қадірімізше үлес қосуға тырысып жүрміз. Жасыратыны жоқ, елімізде кәсіпкерлікпен айналысудың дұрыс бағдары қалыптасқанымен, қызметтік міндетін желеу етіп, жиі мазалайтын бақылау, қалағалау қызметтері ығыр ететіні де шындық. Осы келеңсіздіктер реттелсе, жұмысымыз бұдан да ары жақсарып, әлемдік нарықта тиісті орнымызды еншілеуге құлшынар едік, — деп ағынан жарылды.

Ауқымы кеңіген кәсіпорынның қазіргі жағдайы көңіл көншітеді. Дайын өнімдерді тасымалдауға арналған автокөліктер аулада қатарынан тізіліп, тиісті жерге уақытылы жеткізуге сақалай сай тұр. Ондағы өз ісін жетік менгерген майталман мамандардың еңбегі ерекше. Жұмыс істейтін нан пісірушілер екі ауысымда қызмет көрсетеді. Мұнда 80-нен астам адам жұмыспен қамтамасыз етілген. «Екі қолға бір күрек» тауып, бала-шаға асырап отырған жұмыскерлерге тиесілі еңбекақы уақытылы беріледі. Заман талабына сай шетелден алынған қолданыстағы қондырғылар мен техника тегітін менгеріп, жалпы барлық жұмысты атқарып жүрген қыз бен жігіттердің ісіне көңілін маркалды. Олардың көбісі арнайы оқу орнын бітірген білікті де білімді жас кадрлар. Екі ауысымда жұмыс істейтін өндіріс орны нан өнімдерінің 60 түрін шығарады. Мұндағы еңбеккерлер санға емес, сапаға мән беретіндіктерін айтады. Сондықтан, мұнда күніне 8 мың бөлке, 5 мыңға жуық тәтті тоқаштың әр түрі пісіріледі. Осы тұста аталған кооператив облыс орталығындағы тұрғындар тұтынатын нан өнімінің 70 пайызын өндіретінін айта кеткен жөн. Қаладағы қалған 20-ға жуық наубайхананың еншісіне тек 30 пайызы тиесілі. Демек, бір өндіріс бір қаланың құрметамырын ұстап отыр.

Осындай тынымсыз еңбектің нәтижесінде көптеген мақтау қағаз, дипломдармен марапатталып келеді. Тұтынушылардың атынан келген Алғыс хаттарды айтпағанның өзінде, 2005 жылы кәсіпорын басшысы Бейбітқазы Жұмағазұлы облыстық байқауда «Жылдың үздік кәсіпкері» номинациясы

Әлеумет

«Даму-Көмек» бағдарламасы мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетуді жалғастыруда. Алматы облысы Талдықорған қаласындағы «Даму» қорының аймақтық филиалында мүмкіндігі шектеулі бірнеше азаматқа демеушілік жасалып, көмек көрсетілді.



Осы ретте Александр Опаринге дәнекерлеуші аппарат берілсе, Гүлден Дүйсенбекке тігін машинасы сыйға тартылды. Мұндай жақсылық Жамбыл ауданының іскер әйелдеріне де көрсетілді. Мәселен,

Розкен Айтұварова мен Тоғжан Жылқыбаева көп функционалды екі тігін машинасына қол жеткізді. Ендігі кезекте олар тігін саласы бойынша қызмет көрсетіп, цех ашпақ. Қарасай ауданынан Ольга Подгорбунская аталған қордың қайырымдылық бағдарламасы аясында пішу, тігу, тоқу курсына жазылды.

ҚАЙЫР ҚЫЛСАҢ, БҮТІН ҚЫЛ

Тәжірибелі есепші Мәдина Ақпароваға да жаңа компьютер берілді. Аяқ киім тігіп, жөндейтін жабдықты иеленген Ұйғыр ауданы Сүмбе ауылының тұрғыны Нұрболат Байғарашевтың да қуанышында шек болмады. Манызы бар қайырымдылық бағдарламасы бойынша демеу көрсеткен жеке кәсіпкерлер Эльмира Хәкімова, Ирина Черноivanова, Алмағұл Кәрібаева және Қазақстан мектепке дейінгі ұйымдар қауымдастығы филиалының директоры атынан Маржангүл Ахмеджанова.

Айта кетейік, жоғарыда аталған демеушілер «Бизнестің жол картасы — 2020» бірінғай бағдарламасының тұрақты қатысушысы. «Даму» қоры» АҚ облыс бойынша аймақтық филиалы кәсіпкерлік бастамасы бар мүгедектерге әр уақытта қолдау көрсетеді.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС, Алматы облысы

ҚАЗЫНА

Күсбегілік дегенде, ең алдымен бүркітшілер тілге оралатыны анық. Алайда ең сұңқар салу біреу

көркем өнерін білсе, біреу біле бермейді. Сұңқар — көшпенді қазақтардың ермегіне айналған денесі шағын, табиғаты аншы құс. Сұңқар

Әбілхак ТҰРЛЫБАЕВ

Даланың бекзат өнері

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Жолдауы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Егер ұлт мәдени кодын жоғалтса болса, ұлттың өзі жоғалады» — деп атап айтқан-ды. Қазақтың дала мәдениеті саналатын — саятшылық өнер мәдени кодың бір саласы. Ал мәдени саятштың рухани жаңғыруының негізгі тетігі.

ұстағам ғой. Мал бағып жүрдім. Бір қаршыға келіп күнде бір тауығымды жеп кетеді. Содан оны тор құрып ұстап алдым. Жаксы қаршыға екен. Соны салып жүргенде аншылар көріп «Сенің мұндай өнерің болса, мұны кәсіп қыл» — деп, құстың барлық түрін ұстауға,

кәсіп. Сондықтан Әбілхак атаның тұғырынан бүркіті, балдағынан ителгі мен лашыны кетпейді.

Қыран көңіл қария: «Құс ұстаудың маған онша зияны тиіп отырған жоқ. Өз тамағын өзі табады. Қартайғанда кіммен сырласам? Бұл менің сыр бөлісетін, жалғыздығымды бөлісетін, көңілімді

көтеретін досым. Далаға шыққанда, құсым ұшып жүрсе, өзім ұшқандай болып мәз боп тұрам. Ұйпа-тұйпа түлкі алсам, бір керемет іс тындырғандай болып мәз боп калам» — дейді.

Кейіпкеріміз көкте ұшып жүрген бүркітті жазбай танытын сыншы болмаса да, нағыз қыран мен күйкентайды айыра алатын сыншы. Әр құсқа мінездеме беріп, күш-қуатын бағалай алатын күсбегі. Күсбегілікті ата кәсіп ретінде сақтап отыр. Онысы қолындағы қырандарына деген шексіз құштарлығынан байқалады. Олармен тілдеседі, сырласады.

Көшпенді халықтың бір ерекшелігі — жанды-жансыз ғаламның тілін түсінуінде. Өйткені, алты ай жаз, алты ай қыс көшіп-қонып жүрген ата-бабаларымыз үшін мұның бәрі қажеттіліктен туған. Кейін өнер боп қалыптасты. Дәстүрімізге сінді. Күсбегілік — сол жазира даланы жастанып өткен саятшылардан қалған жалғыз мұра. Асыл мұрамыз жаңғыра берсін!

Жарас ШӨКЕ

тұқымды қыранмен қаз, үйрек, аққу сияқты құстарды, қоян, қарсақ секілді ұсақ аңдарды аулайды. Өйткені, ол ұшқыр әрі көк дауылы.

Көшпенді өмір салтын ұстанған қазақ халқы тұмысынан күсбегі, аншы. Бұрын кез келген үйде бір бүркіт, бір қаршыға, жаксы тазы болған. Қазір — ата кәсіпке айналды. Ата-бабамыз құстың тілін білмесе, көк патшасы бүркітті қолға үйретпес еді. Қанатынан дауыл тұрған сұңқар салып, сауық құрмаған болар еді. Сол ұлы даланың ұлы ұрпақтарының жалғасы — Әбілхак Тұрлыбаев.

Қария бала жасынан құстың қыранын жанына ермек, кәсібіне нәсіп қылған жан. Күсбегі Әбілхак атаның айтуынша, сұңқардың түрі өте көп. Кішісі, үлкені бар. Жалпы 50-60 түрі кездеседі. Ең үлкені — «аксұңқар». Ең кішісі — күйкентай, жағалтай, тұрымтайлар. Ең сәндісі — ителгі. Мұны арабтар жаксы көреді. Ителгінің артықшылығы — ол жемін аспаннан алады. Жетікат көкте ұшалаы: өте биік, өте ұшқыр. Лашын дегені сұңқар тұқымды тағы бір аңқос құс бар. Ол қыран тұқымды құстардың ең жүйрігі.

Әбілхак Тұрлыбаев «Елді, жерді сағынғанда, бұрынғы тұрмысымды сағынғанда, еркіндігімді сағынғанда, жалғыздығым есіме түскен кезде бүркіт көңіліме медеу болды. 1980 жылдан бастап, бүркіт ұстай бастадым. Олан бұрын да

Академик, филология ғылымының докторы Қаржаубай Сартқожаұлы «Ұлы дала елін» жаңғыртқан абыз аспап табылғаны туралы сүйінші хабар жеткізген.

Көненің көзі сыр шертеді

Моңғол Алтай жотасының бір сілемі —

Ц.Төрбатқа жолыққан. Ол саз аспабын көрсетеді. Бірақ суретін алуға, сызуға келісімін бермей, бұл моңғолдардың түйекобызы деп жалтарады. Бірақ Қаржаубай аға мұның домбыра екенін айтады. «Міне, мынау қазақ домбырасының тиегі, мынау екі қулақтың тесігі, шанақ, мойын, перне дегендер мынау! Мойны

жінішке. Бұл шертіп үн шығаруға арналған аспап!» — деп бұлтартпайтын дәлел келтіреді. Сондай-ақ аспаптың моңғол моласынан емес, түрік моласынан табылғанын айтады. Аспап мойнындағы жазу — түрік «бітік жазуы» екен. Ал домбыраның мойны қисайған. Дымқыл үнгірдің қабырғасына сүйеп қоя салған аспаптың мойныны ұзақ жылдардан кейін өздігінен қисайып кеткен.

Жарғалант-қайыркы тауы. Таудың «Өмнөхөн аман» (Алдыңғы сай) деген жеріндегі Үнгір тастан көне домбыра табылыпты. 2008 жылы осы өңірдің тұрғыны Н.Дандар деген моңғол шопаны алғаш үнгірге кіріп, оның ішінде мойны қисық саз аспабы бар екенін ауыл мектебінің ұстазы Ч.Энхтөр деген азаматқа айтады.

Ч.Энхтөр Ұлан-Батырдағы археология институтына ақпарат жеткізіп, археологтарды шақыртады. Ц.Төрбат бастаған археологтар Үнгіртастағы үнгірге қазба жұмысын жүргізеді. Қаржаубай Сартқожа археолог

Жарас ШӨКЕ

Абзал Мырзаш – 12 жасында мектеп бітіріп жатқан вундеркинд бала. Үйдің тұңғышы. 2005 жылдың 19 наурызында дүниеге келген. Өзінен кейін інісі мен қарындасы бар. Дарынды бала туралы әкесі Дәуренбек Нысанов әңгімелеп берді.

12 жасында мектеп бітіргі

1 сынып 11 сынып

Абзал

5 жаста 12 жаста

— Абзал екі жасқа толмай автомобильдердің маркасын ажырататын болды. Қабілетін байқағасын, әріптерді үйреттік. Екі жарым жасында миллионға дейін санайтын. 2 жас 10 айында газет-журнал оқитын болды. Үш жасында екі танбалы сандарды ойша қосып-азайтты. Төрт жасында көбейту кестесін жатқа айтты. Төрт жарымға келгенде екі, үш танбалы сандарды ойша көбейтіп, бөле беретін. «Жазбай, сызбай қалай есептейді?» — деп өзіміз түсінбейміз.

40 жыл мұғалім болған бір кісі Абзал 2-сыныпты бітіргенде: «Баланызды қалайда «секіртіңіз». Әйтпесе, қызығушылығын жоғалтып аласыз», — деді. 3-сыныпқа келгенде «секіртетін» болдық. Педагогикалық кеңес мақұлдады.

3-сыныптағы жетекшісі өте пысық мұғалім болды. Жаздың кезінде ертерек жана,

Директор «бір жылда екі рет секірте алмаймыз» — деді. Келесі оқу жылында қазанның 16-сы күні 7-сыныпқа көшірді. Емтихандарын 4 күн бойы «5» деген бағаға тапсырды. 7-сыныпты да жана жылға дейін бітіріп тастады. Сосын 8-9-сыныптардың есебін шығаратын болды. Екі айдың ішінде химия пәнінің 8-сыныпқа арналған толық курсын оқып бітірді. Есептерді химиялық және математикалық жолмен шығарғанда, мұғалімдер таңғалды. Химиялық есептерді математикалық жолмен шығаратын кітаптар алып бергенімізін пайдасы тиді. Тамыз айында 8-сыныптың сабақтарынан емтихан тапсырып, тек «5»-ке шықты. Солай 10 жасында 9-сыныпқа көшті. 9-сыныпты да жана жылға дейін оқып тастады. Бірақ мемлекеттік емтихан тапсырып, аттестат алатын болғандықтан, 9-сыныпта «секіртпеді». 10-сыныпта 10-11-сыныптарды қатар игерді...

«Алтын белгіге» де үміткер болған. Аттестатында тек қана «бестік». 2012 жылдан бастап «экстернаттарға» «Алтын белгі» берілмейтін болыпты. Біздің бала бір емес, төрт рет сыныптан сыныпқа «секірген».

Ағылшын тілі оқыту орталығына бердім. Бастапқыда ересектермен жалпы топта оқыды. Бір күні «Папа, маған олармен қызық емес. Бір сабақты ұзақ оқимыз», — деді. Орталыққа айтып ем «Сіздің баланың үшін бағдарламаны жылдамдата алмаймыз, басқалар үлгермей қалады. Жекеге оқытып көріңіз», — деді. Сосын ағылшын тілінде анық сөйлесін деп, шетелден келген оқытушыға бердім. Бір жарым ай оқытты. IELTS-ты асығыс болып 1 апта ғана оқыттық. КБТУ-ға түсу үшін IELTS-тан 4,5 балл алу керек екен. Абзал 5,5 балл алды. Бірақ біз де, өзі де 6,5-7 балл жоғары балл күткенбіз.

Өз шешімімен IT саласын таңдады. Енді КБТУ-ға оқуға тапсырып жатырмыз. «Мемлекеттік грантты ала алмай қалсақ не болады?» деп ойландық. Бірақ университет басшылығы вундеркинд балаға ректордың грантын бөлетін болды. Құжаттарын жинап жатырмыз. Одан өзге де университеттер грант бөліп, оқуға шақырып жатыр.

Салтанат ШЫРЫНХАН

Он сезіздегі миллионер

Америкалық Эрик Финман 12 жасқа толғанда әке-шешесіне «18 жасымда миллионер боламын» — деп уәде беріп, келісімдерін алады. Мұндай тәуекелге келуде мектептегі білімнің сапасыздығы мен мұғалімдерінің қисынсыз іс-әрекеті себеп болған. Ол мектепті тастады. Бірақ 12 жасында отбасына берген уәдесінде тұрды. Қалай?

Оның айтуынша, мектептегі мұғалімдер дәрекеі әрі білім деңгейлеріне көңілі толмапты. Ұстаздары оған мектепті тастап Mc Donalds-қа барып жұмыс істеуді ұсыныпты. Эрик отбасына Стэнфорд университетінде доктор атанған Илон Масктың тәжірибесін мысал ретінде айтқанда, ата-анасына оның жобасы қатты ұнай қоймайды. Тек балаларының қолындағы ақшасын пайдалы іске жұмсағанын көргенде ғана келісім беріпті. Отбасы берген 1000 доллар ақшаны сандық ақша Bitcoin-ге инвестиция ретінде құяды. Жас миллионердің тәуекелге толы өмірі осылай жалғасқан. Бүгінде оның мектеп төмамдады деген ешқандай құжаты жоқ. Есесіне, ол ең жас миллионер.

Әбдіманап КЕҢЕС
Дереккөзі: haberturk.com

Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ – Астана қаласындағы меншікті тілші Мадияр АРЫСТАНБАЕВ – арнаулы тілші Мақпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және руханият Әбдіманап КЕҢЕС – жастар және ғылым Салтанат ШЫРЫНХАН – арнаулы тілші Руслан ДОСТАЕВ – web-редактор Кәмшат ТӨЛЕШОВА – терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қуаныш ТҮНҒАТАР – Алматы облысы (8 702 952 88 17) Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Мендібай СҮМЕСІНОВ – Атырау облысы (8 775 955 77 34) Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия pahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: (8 727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: (8 727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс – №2122; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы – 52 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.
--	--	---	---	---